

Жоламан ШАХАНОВ

Солакүаңлар  
Сөзхадзы



84.5 kg  
4431

Одесін Мухамед  
Акимбетов обласний  
кімаратанський кімнат  
Коралла атмосфера  
експерименту.  
У березні 2014 \*



Книга должна быть возвращена  
не позже указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

28.04.15. 12/10  
18/Г22 Саргсян



*Марқұм әкем  
Шаяхмет Шаханұлына  
арнаймын*

**Жоламан ШАХАНОВ**

# Солақайлар сөкназы

*БІРІНШІ КИТАП*

Петропавл қаласы  
2008 жыл

ББК 84(Қаз)- 7

Ш 31

Шаханов Ж.

Ш 31 Сықақтар. - Петропавл - 2008 ж.

1-кітап. - 144 бет.

ISBN 978-601-7029-09-8

Осы жинағымның жарыққа шығуына жылы ниетпен қол  
ұшын беріп, жол ашқан

Құдайберген Қалиевке,

Айдарбек Сапаровқа,

Есжан Оразалингे,

Жанғазы Артықбаевқа,

Мұстафа Аллахяровке,

Марат Мергеновке,

Марат Әубәкіровке

жүрек жарды шексіз алғысымды білдіремін.


50435

Автор

ББК 84(Қаз)- 7

ISBN 978-601-7029-09-8

© Шаханов Ж., 2008



# АЛҒЫ СӨЗ

## Жөкең жымия біледі!

Әмсө тілші, қаламгер атаулының көздегені көркем шығарма десек те, өмірді тануына, талантына орай бірі дариядай көсіліп, енді бірі жазықта жай ғана аққан өзендей, әйтеуір, өнер мұхитына бет түзейді. Тентек шоқпарына сенсе, қаршадайынан қолына қаламын ұстап, жазу өнерін жүргіне ұялатқан бұл әлгі қаламы мен тіліне жүргінеді.

Тіл демекші, кестенің өрнегін өртін өткір сөз өнерінің орны қаламгер тірлігінде өлшеусіз. Тіл қадірін жастай біліп, шымшыма уытымен ойып түсетін Жоламан Шахановтың есімі ежелден таныс еді бізге. Баршамызың балалық шағымызда қолымызға нокта ұстатқан «Пионерде» осы Жөкең бізден бұрын орын алды. Баланың да, ересектің де езуін жидырмайтын қисық-қыңыр өлеңдері, сүзеген сөздері Жөкеңнің өзімен бірге жасап, мойындағы қызыл галстуғын ағытып тастаған аға шағына адым жасаған.

Жөкең өзіміздің «Солтүстік Қазақстанды» сыққартарымен байытып, арада жылдар өтер-өтпесте «Араның» өзіне ауыл-үй қонып алды.

Әрине, «Арада» Жөкеңнің ағайыны отырмаса да, оның дарыны Жүсіп Алтайбаев, Оспанхан Әубәкіров, Шона Смаханұлы, Ғаббас Қабышев, Үмбетбай Уайдин,

Қажытай Ілиясов сияқты сатира сарбаздарының жанына жақты. Шоңайна шумактары, шөгір сықақтары Шахан әuletінің әзілкешін әйгілеп, бірқақпайдың беткеүстар қаламгеріне құрметті арттыра түсті.

Әр сықақшының өз кейіпкері, сол арқылы оң жамбасқа алар әдіс-айласы болады. Жөкеңнің әзіл-оспағының өміріміздің жуан ортасынан алынған ақиқат адамдардың сырт бейнесін емес, ішкі дүниесін ақтарып тастайтын қуаты мол екенін білгендіктен, әуелі сәл жымыып, кейін қосыла күлеміз. Жөкең сол күлкіні кейде көз жасына айналдырып та жібере алады. Себебі, сылдыр сөз мұрат емес, сұмдық мінез, суман қылыш ұят екенімен түйіндеген әзіл-оспақтың шоқпары зілді келеді.

Осы редакцияға келгенде «Кетік тіс» деген келемеж сықағымен марқұм редакторымыз Уәп Рақымжановтан бастап, баршамызды құлкіге бектірген Жөкең әзіл-оспақ «ойынымен» отыз жылдан аса ойнап келеді. Ойнап деуіміз ерсі емес, қоғамдағы сан қылыш қиғаш, қисық ойлыларға ойран салып жур.

Бүгінде сықақ жүгін белі бүгілмей арқалаған қалпы ол. Алыста мұнартқан балдырган құнгі балапан сын-сықақ андампаз, аңғарымпаз ата әзілге айналған.

Жоламан ағамыздың сықақшы болмауға қақысы жоқ сияқты саналады. Арамызда қағыту мен қалжың қатар жүретін қазақпзы ғой, кейде андамай сөйлегенді алғыр әзілмен тіліп түседі. Мен оның ауылын, ағайынын, әсіресе, ата-анасын жақсы білетіндіктен, Жөкең-

шің әзіл-оспағында тектіліктің тамыры бар ғой деп ойлаймын. Әйткені, әкесі Шаяхмет марқұмды талай мәрте көргенмін. Жүзге таяп өмірден озды. Ажал құрық салғалы жатқанның өзінде жүзінде қайғыдан гөрі қалжыны басым ба деп ойладым. Бірде хал сұрауға барғанымда: «Дәрігер атаулыны шақыра-шақыра қалжыраттым ғой деймін. Кетіп тынбасам болмас, келесі шақырғаныма нанбайды ғой», – деп әзілдеді. Соған қоса, «Кемпірімді аяймын. Мен жоқта мыналар көз қырын салмай ма деп қорқамын. Әйтпесе, енді аятын дәнеңе қалған жоқ», – деп баршамызды құлдірді.

Науқастанып, әрі-бері деп жатқан адамның сөзі осы. Сол жерде ұлы Абайдың нағашыларының бірі «Шаншардың қулары» деп аталаған кеткен Тондайдың: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан ұят болды. Енді өлу керек шығар» деген сөзі ойға оралды.

Шаяхмет марқұмның тілі, расында да, шаншудай өткір екеніне жеңгелерінің қойған мына аты да күэ. Ол бала кезінде күшкеш, әзілқой, өткір тілді болған. Өмір бойы осылай екенін жаңа айтып өттім. Тілінің бізіне бола жеңгелері «Шаян» деп атаған екен. Шал ақын ауданындағы Жаңажол ауылының кәрі-жасы бүгінге дейін Шаяхмет емес Шаян дейді.

Ауыл адамының тұрмысы қызық қой. Аңғалдау, сенгіштеу, кең де кеңпейіл. Таңын күліп қарсы алған, түннен қалған қамығуын таңертеңгілік ішкен шайымен шайып жіберетін жан жомарттығы әзіл-қалжыңға бейім тұрады. Той-думандарда ғана емес, екі-үш адамның

басы қосылған жерде небір күлдіргі оқиғаларды, ойнап болысын ойдан шығарған яки өмірдің өзінен ойып алғандай ақиқатты әзіл-оспаққа айналдыратын қылықтары құймақұлақ жастарға жүқпай тұрын ба? Сол ортада небір айтқыштар бар. Өздері ұмытылуы мүмкін, сөздері өлмеген. Әлгі Шаяхмет атамыз солардың көзін көрген, кейінгілер оның өзінен сөз ұғып қалған. Міне, Жекенің сын-сықаққа, әзіл-калжынға үйірлігі осындай ортада өскендігінен.

Тіпті, әзіл сөзін бастарда әуелі өзі қуліп алатын әдеті бар. Бір көзі күлімдеп, биязы үнмен бастайды. Аяғы калжынмен тамамдалады. Марқұм әкесі де солай еді. Тура Қожанасырдың тірлігі.


Жекенің бүгінгі шығармаларының аумағы зор. Ауыл-аймақтың әдеттегі қазаки қалжынынан әлдеқайда салмақты. Қоғамдық мәні бар, естіген-оқыған сайын санаңа сілкініс беріп, бойынды үйіреді.

Айылын жимайтын қуларға құрық салатын, тентектерді тұсайтын, жұмыртқадан жұн қырыққан арамзалардың адымын аштырмайтын, ауылдың айтқыштары аузына түкірген Жекен әзіл-оспағын қояр емес. Құле білу де өнер әрі жетістік!

Зейнолла Әкімжанов,  
ақын, Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі

**Бірінші бөлім**

***СЫҚАҚТАР***



## *Ойбай, қыз қашты*

– Ойбай, ойбай,  
Қыз қашты.  
Қыз қашты.  
Танымайтын,  
Білмейтін  
Тағы бірдің  
Есігін ашты.  
Тағдырдың  
Бұл жазуына  
Шыдай алмай  
Есім қашты, –  
деп көршім  
Ашуға мініп  
Қатты састы.

– Е, көрші,  
Қашса, қашсын –  
Жасы асқан,  
Пісіп, қатқан  
Қыз емес пе!  
Теңін тапсын.  
Үйдис жуып,  
Бала туып,  
Үйлі болып,  
Күйлі болып,  
Бағын ашсын, –

деп көршіме  
Басу айттым.

– Ойбай-ay!  
Ана жылы  
Жасы жетіп,  
Қашып кетіп,  
Көрші ауылға  
Келін болған.  
Ой, құрысын.  
Сондағы қуаныш  
Тегін болған.  
Жылға жетпей,  
Ұзап кетпей  
Қайтып келді.  
Қолында бала  
«Әтәлап» әнін  
Айтып келді.

Былтыр тағы  
Қашып кеткен.  
Көрші ауылдан  
Асып кеткен.  
Барған жері  
Жайсыз болып,  
Жылға жетпей  
Байсыз болып,  
Кеткен ізімен,

Титтей қызымен  
Қызым тағы  
Қайтып келді.  
Көрмесім енді  
Бай болсын деп.  
Соңғы сөзін  
Айтып келді.  
Сөйткен қызым  
Кеше тағы  
Көше кезген біреумен  
Бірге еріп кетті.  
Сәбилерін жылжып,  
Бізге беріп кетті.  
Қойшы, бар уайым  
Ол болмай тұр.  
Жылда байға шығып,  
Қызым оңбай тұр, –  
деп көршім  
Мұнын шакты.

Көршінің мұнына  
Жүрегім сыйздады.  
Не керек, көріп журміз,  
Келін боп ондырмай,  
Ұшып-қонған қыздарды.



## **Жемқорлардың монологы**

Жеп жатырмыз,  
Жеп жатырмыз.  
Үйренген ауыз қоя ма?  
Жемқор көмей тоя ма.  
Жесек те, жемедік деп,  
Сөз айтамыз бояма.  
Сол сөзімізге иланып,  
Жемейді деп ойлама!

Жеп жатырмыз,  
Жеп жатырмыз.  
Жегенде қандай, тойым жоқ.  
Қазына-қаржыдан ойып жеп,  
Үйдегі жан басына  
Бір-бір машина мінгіздік.  
Қабаттап аласына  
Бір-бір коттедж тұрғыздық.

Жеп жатырмыз,  
Жеп жатырмыз.  
Жегенімізді аз көрдік.  
Түйені түтімен өнгердік.  
Таза айлықты санамай,  
Сырт кірісті жән көрдік.  
Қауіп-қатерге қарамай,  
Жемқорлыққа дем бердік.  
Жеп жатырмыз,  
Жеп жатырмыз.  
Жеудің тауып амалын,

Заңың бұзып қамалын,  
Бөлінген қаржы мол деп,  
Құрылыстан да қырып алдық.  
Құм емес, балышықпен өндеп,  
Тас жолдан да сыйып алдық.  
Айта берсөң, не керек,  
Жеудің бізге сыры қанық.

Жеп жатырмыз,  
Жеп жатырмыз.  
Кәрілерді қолдаймыз деп,  
Сырқаттарды ондаймыз деп.  
Олардың да табағына қол салдық.  
Оралмандарға бөлінген қаржыдан  
Бөліп-жарып, олжа алдық.  
Тендерлерді үтқандарға да  
Бөліп бер деп қолқа салдық.  
Айта берсөң, не керек,  
Жеудің жолын қолға алдық.

Жеп жатырмыз,  
Жеп жатырмыз.  
Өңешке тұрып қақалмасақ,  
Темір торға тақалмасақ,  
Жемқорлықты қоймаймыз.  
Жеген сайын тоймаймыз.  
Тек, Құдай, езің сақта.  
Сақтамасаң, ақтамасаң,  
Пара беріп сыйылармыз  
Не болмаса,  
Шетелге қашып құтылармыз.

## *Парақордың монологы*

«Сақтансаң  
Құдай сақтайды»  
деп жүрдік.  
Соны білсек те,  
Аз-мұздап  
Жеп жүрдік.  
Өнеш деген –  
Қызыл ет.  
Жегенді жек көрді ме!  
Билік деген –  
Қызмет.  
Қанағат деп көрді ме!

«Дәніккеннен  
Құныққан жаман»  
Деген түйін бар.  
Соны білсек те,  
Бара-бара  
Құлқынға құйып  
Жеген күйім бар.  
Пара алмасақ,  
Тұра алмадық.  
Қалта құрғап,  
Жүре алмадық.  
Сол парадан  
Олжа құйып,

Балқыдық.  
Ақша жиып,  
Буына қызып,  
Шалқыдық.  
Не керек,  
Пара бергенді  
Ақтап жүрдік.  
Пәле-жалаңан  
Сақтап жүрдік.  
Бермегенді  
Су түбіне  
Тастап жүрдік.

«Алсан –  
Жымын білдірме.  
Берсең –  
Ымын білдірме»  
Деген бар.  
Соны білсек те,  
Құнығып кеттік.  
Пара алуға  
Жұмылып кеттік.  
Әй, әттегені –  
Алудың да,  
Берудің де,  
Бәрі сәтті болмайды екен.  
Құныққаның арты  
Бәрібір онбайды екен.

Коймай жүріп,  
Тоймай жүріп  
Пара алып  
Қолға тұстік.  
Құтылмастай  
Торға тұстік.

Енді, міне, өзіміз  
Шыбын жанды қорғаштап,  
Пара беріп жүрміз.  
Ар-ұятты қолға ұстап,  
Әркімге еніп жүрміз.  
Параның дәкейін  
Енді-енді көріп жүрміз.



## **Жылмагай**

- Жылмиғаны не еткені?
- Жылмиып түпке жеткені.  
Арыз жазып үстіңнен,  
Бұлдіріп бір іс кеткені.
  
- Жылмиғаны не еткені?
- Жылтыңдалап бір өткені.  
Өтірікті сапырып,  
Үстіңнен өсек төккені.
  
- Жылмиғаны не еткені?
- Жымға өні көшкені.  
Іштен ойлап жамандық,  
Жолыңа пәле еккені.
  
- Жылмиғаны не еткені?
- Сырын бермей кеткені.  
Алдыңа терен օр қазып,  
Артыңдан бір тепкені.

\*\*\*

Жылмыңдаған жылмағай,  
Біреулер бар-ау дос болар.  
Жымын бұзсан аңдамай,  
Жаудан жаман қас болар.

## *«Керемет» дәрігер*

Өзін-өзі мақтайтын,  
«Керемет» дәрігер екен.  
Тыным таппайтын,  
Жұмысқа әбігер екен.  
– Жанынды сақтайтын  
Алдымен мен,  
Сосын дәрі, – дер екен.  
Сырқатынды  
Сыртынан біліп,  
Ішке бір үңілмейді екен.  
Диагноз  
айтудан да,  
Әсте бір сүрінбейді екен.  
Уыс-уыс дәрі жазып,  
«Кек қағаз» беруден де  
Қолы бір үзілмейді екен.

\*\*\*

Сарнағанда  
Ауызы жабылмайтын,  
Алдынан жан  
сауығып, жазылмайтын  
Дәрігерлер бізде жоқ емес.  
Ісіне көнілің тоқ емес.

## *Не демедік*

Тірісінде –  
Бұл ағанды  
Бірге  
жүргендер,  
Неше түрлі  
Сыбаған-ды.

Біреулер:  
Қабағы қалың,  
Қараң дейтін.  
Су татырмас  
Сараң дейтін.

Біреулер:  
Қайырымы жок  
Тікшіл дейтін.  
Ұйымды бұзар  
Жікшіл дейтін.

Біреулер:  
Елбендең жүрер  
Ішкір дейтін.  
Есебін білер  
Ышқыр дейтін.

Біреулер:  
Көрсекзызар

Сұйық дейтін.  
Сырын ашпас  
Тұйық дейтін.

Біреулер:  
Жалған айттар  
Жалашыл дейтін.  
Өзін ойлар  
Дарашыл дейтін.

Не керек,  
Бұл ағанды  
Не демедік.  
Тірісінде –  
Елемедік.

Өлгенде,  
Келесі күні  
Көмгенде,  
Кемсендеп,  
Көзімізді парладық.  
Еңсендеп,  
Сөзімізді арнадық.

Біреулер:  
– Бұл ағаң,  
Бәрімізгө ұнаған

Дана, – деді.  
– Пейілі кең  
Бәрімізге құлаған  
Пана, – деді.

Біреулер:  
– Ала жіпті  
Аттамаған  
Адал, – деді.  
Ешкім  
даттамаған  
Адам, – деді.

Біреулер:  
– Қарапайым,  
Қайырымды  
Кісі, – деді.  
– Өлмейді,  
Өшпейді  
Ісі, – деді.

Не керек,  
Бұл ағанды  
Өлгесін  
Не демедік.  
Тек,  
Құдайға ғана  
Тенемедік!

## ***Жайлы орын***

Бұрын МАИ-дағылар  
Шіренген паң болатын.  
Жүрген ізі қым-куыт,  
Кеткендей жын қуып,  
Арты қара шаң болатын.  
Жылтиғанын ұқпасаң,  
Қалтасына тықпасаң,  
Жазған сөзі заң болатын.  
Не керек,  
Айлыққа шайлық қосып,  
Шайлыққа майлық қосып,  
Өзгелерден бай болатын.  
Көнілдері жай болатын.

Енді, міне, кеденdegілер  
МАИ-дағылардан асып кетті.  
Шеттерінен жүйрік мініп,  
Шетелдік мұлік жиып,  
Байлықтары тасып кетті.  
Не керек,  
Кеденdegілер семіз болғасын,  
Айлықтары егіз болғасын,  
Қызыл жағаның біразы  
Кеденге қашып кетті.

## *Есеппен үйлену*

– Айналайын, Амангұл,  
Күй талғайтын заман бұл.  
Айып етпе, сұрасам,  
Көкейде көп сауал тұр.  
«Тең-теңімен,  
Тезек қабымен» десек те,  
Мына нарық заманда,  
Жүгінейік есепке.

Әкең қалай, төре ме?  
Мал бағып, егін еге ме?  
Қыз-күйеуге тіреу боп,  
Байлышынан бөле ме?  
Шешең қалай, айғай ма?  
Ойбайына салмай ма?  
Күйеу бала деп қоқып,  
Мойынға мініп алмай ма?

– Жо-жоқ!  
Шешем менің аңқылдақ,  
Ұрыспайды шанқылдал.  
Жұзік-сырға сыйласаң,  
Жақсы көрер жарқылдал.  
Әкем менің табыскер.  
Түсіп жатқан табыс мол.  
Бабын тапқан бәрінің,

Ойда-қырда таныс мол.  
Байлықтан да кенде емес.  
Өзгелерден кем де емес.  
Шен десен, шені бар.  
Жеуге де ебі бар.  
Жасыратын несі бар,  
Қос үйді салып қойды,  
Жасауымды алыш қойды.  
Тек өзіңе айтарым:  
Қолыма келіп ен деймін.  
Бөтен жерге барып,  
Келін болуға көнбеймін.

– Болды, болды!  
Әкел қолды.  
Міне, бізге осы лайық.  
Не тұрыс бар, қосылайық.

\*\*\*

Осылайша екі жас  
Есеппен танысты.  
Бірақ баянсыз махаббат,  
Болмай шықты табысты.



## **Кеңшардан не қалды?**

- Зоотехник қайда?
- Қасапшы болып,  
базар қуып кетті.
- Веттехник қайда?
- Қожалық құрып,  
бала қуып кетті.
- Сельсовет қайда?
- Селсок болып, ойда жүр.
- Парторг қайда?
- Асаба болып, тойда жүр.
- Экономист қайда?
- Делдал болып, ел кезуде.
- Инженер қайда?
- Қөрік басып, темір кесуде.
- Директор қайда?
- Пайын алып,  
калаға тайып тұрган.
- Басбұх қайда?
- Бәрін жауып,  
зым-зияғайып болған.
- Олар басқарған кеңшар қайда?  
Кеңшардың аты қайда?
- Бір бүктеп, тарихқа салып қойды.
- Көл-көсір заты қайда?
- Алаяқтар талап алып қойды.
- Сонда кеңшардан не қалды?
- Халқы қалды,  
көздері мәлдіреп,  
Ауылды қалды,  
үйлері селдіреп.

## *Домалақ*

Көзі де домалақ,  
Өзі де домалақ.  
Көшеде көрсөн,  
Жүргені домалап.  
Содан жұрт  
Десе керек Домалақ.

Бірақ  
Гәп басқада бол тұр.  
Сол Домалақ  
Кенедей жабысып,  
Бізге масқара бол тұр.

Құлағын тігіп,  
Сөзімізді тізеді.  
Соңымыздан бүгіп,  
Ізімізді сүзеді.  
Содан соң жобалап,  
Жазады кеп,  
Арызды домалақ.

Біреулер  
Сол арыздан сүрініп,  
Мерт болды.  
Біреулер

Қызыл шоқтай бүлініп,  
Өрт болды.  
Не керек,  
Сол Домалақ  
Шырқымызды бұзар  
Дерт болды.

\*\*\*

– Әй, Домалақ,  
Кетсең екен,  
Кеңсемізден домалап.  
Демес едік:  
«Болды саған обал-ақ!»



## *Cұғанак*

Жұрт Сағымды  
– Жүрісі алымды,  
Аузы салымды  
Иісшіл, – дейді.

Жұрт айтса  
Тегін айтпайды.  
Сағым үйіне  
Құр ауыз қайтпайды.

Той-думан,  
Ойын-сауық  
Қайда болады.  
Сағым сонда  
Ебін тауып  
Пайда болады.

Жігіттер жымпиып,  
Кафеде тұңғиық  
Қоса қалса бастарын  
Сағым сонда  
Келе қалады  
Жиғызбай астарын.

Не керек,  
Ішетін ас,  
Жазатын бас  
Қайда болса,  
Сағым сонда  
Пайда болса  
Иісшіл, – демей  
Не дейміз.

\*\*\*

Шақырусыз барсан,  
Құның болмайды.  
Сұғанақ болсан,  
Жұғым болмайды.



## **«Ал, давай!»**

Асаба айтты:  
– Ал, давай!  
Жұрт алып қойды  
Алдамай.

Асабаның  
«Ал, давайы»  
Ұнап қалды.  
Талай жұрт  
Тұра алмай  
Құлап қалды.

Не керек,  
Тойдың шырқы бұзылды.  
Мына бір қысқа,  
Ана бір ұзынды  
Салып қалды.  
Мұны көрген әйелі  
Шыдай алмай  
Талып қалды.

Мына бір жантық  
Шынтақтап жатып,  
Аракты жайпады.  
Сөзінде болмай,

Береке-тамтық  
Олай-бұлай шайқады.

Бір сөзі  
Біреуге тәтті болды.  
Бір сөзі  
Біреуге қатты болды.  
Бұдан да  
Ұрыс басталды.  
Көз көгеріп,  
әр жерде,  
Уыс-уыс шаш қалды.

Біреуі абын судан  
Жүре алмай  
Жыбыршып жатты.  
Біреуі таяқ жеп,  
Тұра алмай  
Ыңырсып жатты.  
Не керек,  
Тойдың сәні кетті.  
Астың мәні кетті.  
Той той болмады.  
Қызық бойға қонбады.

\*\*\*

Асаба  
Ән айтып  
Сауық құрса,  
Қызық айтып,  
жұрт көңілін  
тауып тұрса.  
Тойдың той болғанын  
көріп жүрміз,  
Ал кейбір асабаның  
Мынандай тойына  
Ұятты болып,  
өліп жүрміз.



## *Пысықтың баспалдагы*

Көкен деген біреу бар,  
Өзінде мықты тіреу бар,  
Жұрт өссе елеулі ісімен,  
Ол өсіп жүр демеушісімен.

Алғашында рядовой болды,  
Тіл алғыш ходовой болды.  
Шыбық басын сындырмай-ақ,  
Тапсырған істі тындырмай-ақ,  
«Пысық» атанып,  
Көзге түскен Көкенің  
Көп кешікпей зам болды.  
Айтқан сөзі заң болды.  
Қарсы келсөң лаң болды.  
Сөйтіп жүріп Көкен ерің,  
Бастығы болып алды,  
Дырдай бір мекеменің...

Қазір сол Көкенің  
Дейді бізге «Көкеңмін».  
Амал қанша,  
Көке дейміз,  
Көке демесек  
Өкпе жейміз.  
Жұмыстан да,  
Көп кешікпей  
Кеткендейміз.

## **Жалған күліп жылтыраған...**

Ә десен, мә деуді  
Жән көретін,  
Жән айтсаң  
Ашуды өңгеретін,  
Сыр айтсаң  
Сырт айналып  
Өң беретін –  
Адамнан без.

Бар болсан,  
Ішіңе еніп  
Бауыр болатын.  
Жоқ болсан,  
Мінінді теріп,  
Жауың болатын.  
Жұзінді берсен,  
Еркін кетіп  
Жымындал еркелейтін.  
«Сүріндім», – десен  
Теріс кетіп  
Сыртыңнан желкелейтін –  
Адамнан без.

Сөзі сұйық,  
Ойы жок, сылдыраған,

Жүзі тұйық,  
Жалған күліп жылтыраған,  
Өсек десе,  
Елең болып,  
Шындық десе,  
Керең болып,  
Ауып жүретін,  
Дау десе  
Шауып жүретін –  
Адамнан без.



## *Есеп білмеген есек болмайды*

– Е, балам,  
Екіге екіні қоссам  
Не болады?  
– Е, әке,  
Екіге екіні қоссам  
Бес болады.  
– Ой, ақымак,  
Сенде қашан  
Ес болады?  
Үйрен!  
Үйренбесен,  
Кеш болады.  
Әйтпесе,  
Мына түріңмен  
Дұңгіле боп,  
Тұбіме жетерсің.  
Есеп білмей,  
Есейген соң,  
Есек боп кетерсің, –  
Деп экесі шағынатын.  
Ал баласы бәрібір  
Артық айтып,  
Кем айтып,  
Есептен жаңылатын.

Сол баласы  
Бүгін, міне,  
Коммерсант боп  
Екіге екіні қосып,  
Бес қылып жүр.  
Сол әкесі  
Бүгін, міне,  
Көңлі шат боп,  
Бала тапқан табыстан  
Есі шығып жүр.

\*\*\*

Есеп білмеген  
Есек болмайды.  
Бұл қағидамды  
Нарық қолдайды



## *Дәурен озар, тақ озар*

Kewei.

Мен, мен Аман едім,

## Екі оку бітірген

Білікті маман едім.

## Сол оқумен

## Басшы да болған,

Хатшы да болған.

## Салмакты адам елім.

## Сол окумен

## Сөзімлі тыңдайтын.

## Өзімлі сыйлайтын

## Арлакты адам елім.

## Жұрт білген Аман елім.

Не кепек.

## Тасым ерге дамалап

## Басым төрге ломалап

## Түрған бір заман елін

11  
Бузін.

## Бурынғы күнім жок

«Мен мен» дер

## түрім жок

## “Өнмендер үнім жок”

## Биліктен арылған

## Мансаптан тарылған

Елеусіз Аманмын

Кызметтөн қысқарған,  
Жұмыстан тыс қалған.  
Өзім күткен таныстар,  
Танымай сырт алған,  
Не керек,  
Тасым өрден құлап,  
Басым төрден сұлап,  
Бағым тайған,  
Бақырбас адаммын.  
Сор басқан Аманмын.

\*\*\*

Дәурен озар,  
Тақ озар  
Дегені осы-ау  
Түрі жаман заманның.



## ***Үімды білмейсің***

Үімды білмейсін,  
Үімды деймін-ау,  
Дымды білмейсің.  
Жейтін жерден  
Жасып жүресің.  
Алатын жердөн  
Қашып жүресің.  
Барыңды базарлап,  
Шашып жүресің.

Қанша еңбек етсең де,  
Күзетшіден аспайды,  
Табысың алған.  
Екі оқу бітірсөн де,  
Баяғы орындық,  
Жабысып қалған.  
Үйінің түрі мынау:  
Кең дүниеден  
Тарылтып салған.

Қошқардай тірегің бар –  
Сағаламайсың.  
Ағалайтын жерің бар –  
Ағаламайсың.

Қызметімді өсір деп  
Жағаламайсын.  
Байлық қуып ешкімді  
Мазаламайсын.

Ал, мені көр,  
Сөзіме көңіл бөл.  
Мен де сендей пенде едім.  
Байлықтан да кенде едім.  
Бағыма келген нарықтан,  
Құтылдым баяғы қалыптан.

Текені жезделейтін,  
Ешкіні апалайтын,  
Заманы келіп тұрғасын,  
Қайтіп көкең құр қалсын.

Таныстарды сағаладым.  
Дөкейлерді ағаладым.  
Шыр бітірер жерлерді  
Шыр айналып жағаладым.  
Сен сияқты жүрмедім,  
Ұялуды білмедім.

Сөйтіп жүріп,  
Қызметімді өсірдім.  
Үйімді кеңейтіп,  
Қос қабатқа көшірдім.

Астымдағы жорғаны –  
Яки жаңа «Волганы»  
Меншігіме жазып алдым.  
Қоймадағы тұрғанды  
Ебін тауып тасып алдым.  
Айлыққа айлық қосып,  
Табысты асырдым.  
Ана-мына кірісті,  
Жымын жауып жасырдым.

Айтып-айтпай не керек,  
Былқыған күйім бар.  
Шылқыған күнім бар.  
Ардақты түрім бар.  
Салмақты үнім бар.  
Е, достым,  
Мына тірлігінді қой да,  
Көкенің тілін ал,  
Байитын жерді біліп ал.

Осылай деп танысым  
Бір кездескенде тасынды.  
Түрімді көріп жұпыны,  
Ақыл айтып ашынды.  
Арада өтіп бірер жыл,  
Тасып жүрген танысым,  
Сабасына түсіп басылды.

Тәркіленіп байлығы,  
Жемқорлығы ашылды.  
Бір күнде сынған шөлмектей,  
Бар байлығы шашылды.

\*\*\*

Байлыққа құныққан  
Құтылмайды құрықтан.  
Тек жүрсөң, тоқ жүресің,  
Иә, тәуба, деп жүресің.  
Адал тапқан нанынды,  
Алаңсыз жеп жүресің.



## *Бастыққа кім жағады*

Бастыққа кім жағады?  
Қолтығына су бүркіп,  
Соңына ерген жағады.  
Қызметім өссін деп,  
«Қалың мал» берген жағады.

Бастыққа кім жағады?  
Сөзін сөйлеп қылмиып,  
Өсек терген жағады.  
Жалған айтып жылмиып,  
Мәлімет берген жағады.

Бастыққа кім жағады?  
Қас-қабағын ұғынып,  
Жаутаңдаған жағады.  
Кол баладай жүтіріп,  
Жалпаңдаған жағады.

Бастыққа кім жағады?  
Айтқан сөзін екі етпей,  
Бірге жеген жағады.  
Сын айтып кекетпей,  
«Сен жөн» деген жағады.

## **Қайран қалам**

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Үйден безіп, көшө кезіп тайраңдаған.  
«Шашы ұзын, ақылы қысқа» деген сөзді,  
Қайдан біліп айтты екен қайран бабам.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Арақ ішіп, шылым шегіп жайраңдаған.  
Қызық үшін ақшаға тұн сатылып,  
Сүттен ақabyройын ойрандаған.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Байсыз бала тауып қайқандыған.  
Кінәсіз сәбиді тастанды қылып,  
Көкекше ұшып-қонып сайрандаған.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Ибасыз қылықтарды жинап алған.  
Келін болса үлкендерге тіл шығарып,  
Біреудің босағасын сыйламаған.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Қыз деген ғажап атты лайсандаған.  
Мөлдіреген ақ сезімге кір салған,  
Сен үшін жұз өліп жүр қайран анаң!

## *Төрелер адал демендер*

Төрелер адал демендер,  
Жаңылар олай дегендер.  
Ел байлығын кеміріп,  
Шеттерінен семіріп,  
Солар емес пе, жегендер.

Кеңшарларды таратып,  
Дүние-мұлкін тонаған.  
Жерді өзіне санатып,  
Егін салып ораған.  
Төрелер емес пе, білсендер.

Қаланы да қалдырмай,  
Керектерін қымқырған.  
Анау-мынау салдырмай.  
Қабат-қабат үй құрған.  
Төрелер емес пе, білсендер.

Судай таза бола қап,  
Сөз сөйлеген мінбеден.  
Шетелдерге ақша сап,  
Қашып жүрген түрмеден,  
Төрелер емес пе, білсендер.

Төрелер адал демендер.  
Жаңылар олай дегендер.  
«Қазаншының еркі бар,  
Қалай жесе, солай жер»  
Деген сөзге жүгінсек,  
Төрелер емес пе, жегендер.

## *Өсетіндер мен өшетіндер бар*

Жақсылықпен күндесіп,  
Жамандықпен үндесіп,  
Өсетіндер бар.  
Ақиқатты ақтарып,  
Шындықты қақ жарып,  
Өшетіндер бар.  
Өсектің шегін тауып,  
Есептің ебін тауып,  
Өсетіндер бар.  
Кішіге аға болып,  
Ақыры таба болып,  
Өшетіндер бар.  
Саңылауды сағалап,  
Танымасты ағалап,  
Өсетіндер бар.  
Жақсылығы жақпай,  
Адалдықты таппай,  
Өшетіндер бар.  
Біреуге ор қазып,  
Желпінетіндер бар.  
Сол орға өзі түсіп,  
Мертігетіндер бар.

## *Құбылмалы жан*

Өзгелерді даттағанда,  
Тоқтау жоқ тақылдаған жағына.  
Өзін-өзі мақтағанда,  
Мінгендей бір дәкейдің тағына



## *Зоотехниктің айтқаны*

– Жолдастар,  
Жаңа жылға баяндайык:  
Өткен жылы не тындырдық  
Енді соған аяңдайық.  
Әңгіме мынау ендігі:  
Өткен жаздың бар жайы  
Өздеріңе белгілі.  
Жауын жаумай,  
Жеріміз тақыр болды.  
Қаншама мал  
Арықтан пақыр болды.  
Соған қоса  
Қыстағы өкпек жел  
Үмітімізді кесіп кетті,  
Тәбесін жалпылдатып,  
Мал қораны тесіп кетті.  
Жалғыз маған емес,  
Мұның өзі көпке сын.  
Сол сүйқ жел  
Құртты малдың өкпесін.  
Болсын дейік төлі семіз,  
Олқылық пен абырайды  
Біздер бірге бөлісеміз.  
Ауа райына  
Аударамыз өкпемізді,  
Биыл тағы

Жарытпады шөпке бізді.  
Сөйтіп бәрін тенден тұрмыз,  
Сүттен де, еттен де  
Ептең кем бол тұрмыз  
Бірақ оқасы жоқ дейді,  
Алдағы жылға сенім мол,  
Өзіміз аман болсак,  
Жоспар ешқайда кетпейді!

– Жолдастар,  
Кемшіліктен келісті  
Шешім алайық.  
Биылғы жыл жемісті  
Еңбек етуді  
Шешіп алайық.  
Осы болды баяндамасы,  
Ток етер аялдамасы:  
Сөзіне жаның жылынар,  
Аман болса  
Өгізден өзгенің  
Төлдейтін түрі бар!

\*\*\*

Тарастық сөзіне жылына,  
Осылай болып еді  
Алдыңғы жылы да...

## **Бұрынғы мен бүгінгінің қыздары- ай !**

(кейбір бойжеткендерге құлаққағыс)

Бұрынғының қыздары да,  
Кәдімгідей байға барған.  
Келін болып бастанын  
Орамалмен байладап алған.

Бүгінгінің қыздары ма,  
Кәдімгідей байға барады.  
Бастарына бөрік киіп,  
Беттерін майлап алады.

Бұрынғының қыздары да,  
Көйлек киген өкше басар.  
Балтырларын жасырып,  
Салдырмайтын көпке назар.

Бүгінгінің қыздары ма,  
Көйлек киер бөксе басар.  
Кеуделерін ашып тастап,  
Аударады көпке назар.

Бұрынғының қыздары да,  
Шашын ұзын өсірген.  
Қос бұрымы көлбендең,  
Бел етектен көсілген.

Бұғінгінің қыздары ма,  
Шашын қойған қырқып жай.  
Желкесін де жасырмас,  
Көпей шалдың мұртындай.

Бұрынғының қыздары да,  
Бала тауып ана болған.  
Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Ұл-қызына пана болған.

Бұғінгінің қыздары ма,  
Байға шықпай бала тапқан.  
Көкек болып жүргенде  
Онысын да шала тапқан.

Бұрынғының қыздары ма,  
Шылым шегу білмеген.  
Тойға барса ән салып,  
«Қамажайды» билеген.

Бұғінгінің қыздары ма,  
Шылым шеккен еркекпен.  
Тойға барса желігіп,  
Биге барса жер тепкен.

Бұрынғының қыздары да,  
Кәдімгідей қызып ішкен.  
Күмпілдетіп күбіні,  
Арақ емес, қымыз ішкен.

Бұғінгінің қыздары ма,  
Қымыз былай, арақ ішкен.  
Танауларын тыржитып,  
Қағазына қарап ішкен.

Бұрынғының қыздары да,  
Ару Жібек, Баян болған.  
Сүйген жарға адал болып,  
Есімдері аян болған.

Бұғінгінің қыздары ма,  
Қазақ болып Маша болған.  
Намыс отын сөндіріп,  
Бай таңдамай кәші болған.

Бұрынғының қыздары да,  
Ата салтын ақтаған.  
Өздеріңдей қыз болып,  
Махаббатын сақтаған.

Бұғінгінің қыздары ма,  
Айтып-айтпай, не керек,  
Бойында көп міні бар,  
Ұшып тұрған көбелек.

\*\*\*

Бұрынғының қыздарын,  
Әжелерден танындар.  
Өнеге өмір соларда,  
Солардан үлгі алындар.

## *Осы аған*

Кеңселерді жағалап,  
Таныстарды ағалап,  
Қоймашы болған осы аған.

Қоғам мұлқін жымқырып,  
Алып сатып, пұл қылышп,  
Тоймақшы болған осы аған.

Бабын тауып олжалап,  
Заңын тауып, «Волгалап»,  
Зулатып жүрген осы аған.

Үй салдырып сәулетті.  
Қолдан жасап дәүлетті,  
Тулатып жүрген осы аған.

Көрген мұны кім теріс,  
Болып бірде тексеріс,  
Дүрбелең еткен осы аған.

Міне, осылай бір күні,  
Жария болып ұрлығы,  
Істі болған осы аған!

## *Саудагермен сұхбат*

– Қайда барасың?

– Ауылға барам.

Тамыр-таныс,

Бауырға барам.

Тауық алам,

Май алам.

Тағысын тағы...

Арзан төлеп,

Жай алам.

– Қайда барасың?

– Қалаға барам.

Ауылға керек

Айна-тарақ,

Шампань, арак,

Шай алам.

Тағысын тағы...

Арзан төлеп,

Жай алам.

– Сонда

Қаладан ауылға,

Ауылдан қалаға

Шабылғанда не табасындар?

– Алғанымызды асырып,  
Қымбатқа сатамыз.  
Тиынға тиын жапсырып,  
Олжага батамыз.

\*\*\*

Апымай,  
Қаладағылар да,  
Ауылдағылар да  
Алыпсатар болып кеткен бе?  
Бұрын ұят санар  
Оғаш қылыш  
Бізге де келіп жеткен бе?



## *Измінің кесірі*

Социализммен,  
Коммунизммен...  
Әйтеуір, не керек,  
Толып жатқан «изммен»  
Жетпіс жыл тыным таппай  
Кедей болып бір-ақ шықтық.

Марксизммен,  
Ленинизммен...  
Әйтеуір, не керек  
Толып жатқан «изммен»  
Жириновский сияқтылардың  
Миы ағып кеткенін бір-ақ ұқтық.



## *Пайда қайда?*

Ұстаз:

– Сабақтан қалмасақ,  
Мектептен қашпасақ,  
Кітап оқып, білім алсақ,  
Сол бізге пайда, – деді.

Окушы:

– Базарға бармасақ,  
Темекі сатпасақ,  
Сіз айтқан пайдадан  
Түскен ақша қайда? – деді.



## *Мамаң ғой*

Папасы аракқа тойып отыр.  
Баласы сұрақты қойып отыр.  
– Папа, басбух деген кім?  
– Өй, ол сенің мамаң ғой.  
Қалтамды актарып,  
Көк тиын қоймайтын,  
Мамаң сенің жаман ғой.  
– Папа, пастух деген кім?  
– Ол да сенің мамаң ғой.  
Сені, мені қосып  
Бағатын адам ғой.  
– Папа, прокурор деген кім?  
– Ол да сенің мамаң ғой.  
Қатты «кәйіп» болсам,  
Куыс бөлмеге қамап алатын,  
Оқтауменен сабап алатын,  
Мамаң сенің жаман ғой.  
– Папа, айықтырғыш деген не?  
– Өй, тентек,  
Қоймайтын сұрағың жоқ.  
Естімейтін құлағың жоқ.  
Ол мамаңың амалы ғой,  
Маған құрган қамалы ғой.  
Терезеден бар, қарашы,  
Мылжыңды қойып айналайын,

Шөлмектегі қалғанды  
Ішіп алып жайланаңын.  
– Ойбай, папа,  
Мамам келіп қалды.  
Есікті ашып,  
Дәлізге еніп қалды.  
Мұны естіп папасы  
Өтірік ұйықтап, «өліп» қалды.



**Екінші бөлім**

***МЫСАЛДАР***



## *Арлан арландығын жасайды*

Арланды Арыстан,  
Шақырып алыстан.  
«Селдір» деген орманға  
Сері етіп қойды.  
Аңдарды жиып,  
Көш бастар  
Ері етіп қойды.  
– «Селдір» селдіремес  
Қалың орман болсын.  
Аңы тентіремес  
Жайлы қорған болсын.  
Айналасы жай тауып,  
Іші аңға толсын.  
Соны айтып патша  
Кері кетіп қойды.

«Селдірде» қалған Арлан  
Билікті қолға алған.  
Серілігін бастады.  
– Көжекке тиме деп,  
Қарсақ пен Тұлкіге,  
Борсық пен Күзенге  
Қатаң бұйрық тастады.  
Ал өзі кимелеп,  
Бұрынғы әдетін бастады.  
Жеп ауыз үйренген

Жалмаудан қашпады.  
Көжекті көже қылып,  
Зауқын ашты.  
Қоянды құрша қырып,  
Мауқын басты.  
Орман аруы елік еді  
Соны білсе де,  
Аздал елік жеді.  
Барша аңға айбат шегіп,  
Арыстанға еліктеді.  
Сейтіп,  
Селдіреген орманды  
Ну қылады.  
Іші аңға толып,  
Шу қылады.  
Деген Арланың  
«Селдір» орманын  
Селдіретіп кетті.  
Ұйыған бар анын,  
Тентіретіп кетті.

\*\*\*

Дәл осындай серілер бар,  
Сенімнен шықпаған.  
Қиянат-ау ел өмірін  
Зейінімен үқпаған!

## *Көңіл мен Көмей*

Көңіл мен Көмей  
Тұыс екен.  
Екеуі де тоймайтын  
Күйс екен.

Көңіл деген –  
Жегенде  
Жалмап жеген.  
Ана-мынаны  
Таңдап жеген.  
Алды-артын  
Аңдап жеген.

Дүниені түгімен,  
Қоймаларды жүгімен,  
Жұтса да тоймаған.  
Жеген сайын  
Жесем деп ойлаған.

Не керек,  
Көңіл деген –  
Қолға да түспеген,  
Торға да түспеген.  
Айласы мол қу екен.  
Жүзін білдірмес,  
Жылтыңдаған су екен.

Ізін ілдірмес,  
Бұлтыңдаған бу екен.

Ал Көмейің  
Көңілге ұқсап бір,  
Қылқылдатып  
Өңешке тықсам дейді.  
Сылқылдатып  
Армансыз жұтсам дейді.

Сосын сыйбайласы –  
Ауыздың бергенін  
Қылқылдатып жұтады.  
Қарын қоймасы толғасын  
Үйқылық атып құсады.  
Сосын қайдан ондасын?!

Талғамай,  
Не боларын  
Аңдамай,  
Қомағайланған Көмейің  
Қолға түседі.  
Арты дауга айналып,  
Торға түседі.

Ел байлығын жымқырған,  
Көңіл мен Көмейлер көп.  
Көмейлер қақалып жатса,

Көңілдер қашып жатыр,  
Шет елдерге дәкейлер боп.  
Олардың ізін  
Көңілдестер басып жатыр.  
Ал ісін  
Кім тексеріп, ашып жатыр?!



## *Tілмаш*

Көз көреді,  
Көруден жалықпайды.  
Құлақ естиді.  
Естуден тарықпайды.  
Бірақ,  
Көздің көргеніне,  
Құлақтың естігеніне,  
Ешкім қанықпайды.

Ал Тіл  
Көздің көргенін  
өзі көргендей көпіртіп,  
Құлақтың естігенін  
есі шыға есіртіп,  
Жұртқа жайып береді.  
Жайып береді де,  
Жауаптан өзі  
тайып береді.  
Көз де, Құлақ та  
Мұны айып көреді.  
Сосын барып:  
– Шығып кетсін! – деп  
Көз қарғанады.  
– Керең болсын! – деп  
Құлақ қарғанады.  
Ал Тіл тағы тамсанады.  
Көздің көргенін  
елдіртіп,  
Құлақтың естігенін  
желдіртіп,  
Жұртқа тағы жар салады.

## **Әркімнің өз жауы бар**

Нұрын тәккен жарықтын,  
Жауы болған қараңғылық.  
Қолы ашық жомарттын,  
Жауы болған сараң қылыш.

Қара қылды қақ жарған  
Шындықтың жауы –  
жалғандық.  
Өлімнен қүшті саналған  
Ұяттың жауы – азғандық.

Тас атқанға ас атқан,  
Достықтың жауы –  
Қастандық.  
Байлықпенен жасатқан,  
Тоқтықтың жауы астамдық.

Асыл тастай ақылдың  
Жауы болған надандық.  
Ежелден бітіспеген,  
Татулық пен араздық.

Талап пен іштарлық та,  
Жалқаулық пен қүштарлық та,  
Үйлеспеген о бастан.  
Айта берсөң,  
Әркімнің өз жауы бар.  
Таусылмас дауы бар.



**Үшінші бөлім**

***БІРҚАҚПАЙЛАР***

## *Тайып тұрды*

«Жүрісің неге қисық»- деп,  
Қызылжаға айып қылды.  
Аздап ақша қыстырып еді,  
Өз жөніне тайып тұрды.

## *Маман болды*

Ақылы оқуды тамамdap,  
Дырдай маман болды.  
Кітапқа қайта аланdap,  
Білімі шала болды.

## *Есек кебін киіп жүр*

Еркектер  
– Таң атса карталап,  
Арақтан іші қүйіп жүр.  
Әйелдер  
Ала дорба арқалап,  
Есектің кебін киіп жүр.

## *Не тапты*

Алғашында ақаңнан  
Аздап дәм татты.  
Сосын тілі күрмеліп,  
Әрен тіл қатты.  
Сосын қайранdap,

Батпаққа батты.  
Ақыры ойрандал,  
Айықтырғышқа жатты.

\*\*\*

Арақтан не тапты.  
Қып-қызыл ұятқа батты!

### *Бұйрықшыл бастық*

Бұйрық жазуға қол жүйрік:  
Анаған да бір бұйрық.  
Мынағанда бір бұйрық.  
Ұнамағанға он бұйрық.  
Бұйрықтан соң бір бұйрық  
Енді өзіне тұр бұйырып.

### *«Көк қағаз»*

Кейбір пысық женгелер  
«Көк қағазбен» емделер.

### *Үәдешіл*

Үәде берді көктемде:  
– Болады, деп, мол егін!  
Жиын-терін жеткенде,  
Ақталды, айтып себебін.

## *Зоотехник Байтемір*

Көтеремді Байтемір  
Асханаға өткізді.  
Ет жоспарын, әйтеуір.  
Межесіне жеткізді.

## *Алыңсатар*

Қожың қоймашы болғалы  
Тиынға тиын қосып жүр.  
Базадан алған «Волганы»  
Базарға қайта тосып жүр.

## *Өтірік мәлімет*

Ауданға берген ақпардың  
Аты шығып, аңырап тұр.  
Басы басталмай ақпанның,  
Малы біткен жамырап тұр.

## *Бос кеуде*

Көшеде көрсөң – бұл кеуде  
Шалқақтап, тіпті, көз ілмес,  
Жиында көрсөң – бұл кеуде  
Өңешін созып сөз бермес.

Жұмысқа келсе –бұл қеуде  
Женілін іздеп, жан сақтар.  
Жер басып жүр бұл күнде.  
Тап осындай жалтақтар.

### *Көзбояу*

Сау кезінде  
Галстукке жағасын салып жүреді.  
Мас кезінде  
Батпаққа балағын малып жүреді.

### *Huet*

Күншілдер біреуді  
Атынан құласа деп тұрады.  
Шенқұмарлар біреуді  
Тағынан сұласа деп тұрады.

### *Өсекши*

Өсек деген дерті бар,  
Қаулап сайран құратын.  
Ал содан соң өрті бар  
Елді майдан қылатын.

## *Қашып жүр*

Келіндер қайны әжесін,  
Кезектесіп тасып жүр.  
Балалары ер жеткесін,  
Безектесіп қашып жүр.

## *Бойдақтың ойы*

Қызын таңдама  
қызығып орамалға,  
Үйін таңда.  
Болсын десен,  
толсын десен қоран малға  
Күйін таңда.

## *Ерлі-зайыптылар*

Күйеуі айбат шеккен арыстандай,  
Әйелі де күзенше жабысқандай.  
Апыр-ай, екеуіне қайран қалам,  
Бір-бірін біліп тұрып табысқандай.

## *Уәдешіл маскунем*

– Арағың у екен,  
Барып тұрған «қу» екен.

Аузыма алмаймын, – деді  
Сөйткенше бір досы  
Шақырып «ым» қағып еді  
«Үштіктен» қалмаймын, – деді

### ***«Мұрагер»***

– Арақ ішіп, ақырып жатқан,  
Жерге тіреп мұрынды.  
Есек болып бақырып жатқан,  
Көрші, әне ұлынды! –  
Деп шешесі күйінді.  
– Айналайын «Құлагерім» деп,  
Жүгіртіп едім араққа.  
Енді, міне «Мұрагерім» бол,  
Қосылыпты ғой санатқа, –  
Деп әкесі сүйінді.

\*\*\*

Арамызда бар әлі,  
Мұндай дімкес әкелер.  
Өзі тұрып, баланы  
Ішімдікке жетелер.

## *Өзара сын*

Біздің бастық Сынабек  
Жиында өзін сына деп  
Бәрімізге бұйырды.  
Сосын аздал сынап ек...  
Жиын тарқап кеткен соң,  
Бәрімізге шүйілді.  
Сынды өзімізге үйірді.

## *Пысық бастық*

- Ақа, алқаптағы егінді барлап қайт.
- Жақа, жайлаудағы малды шарлап қайт.
- Ал, сен Қықа, құрылышынды мығымда.
- Сүке, сен де сүрлемінді сығымда, –  
Деп бастық шаруашылықты мығымдап,  
Бара жатты қонаққа зырылдап.



**Төртінші бөлім**

**ШЫМШЫМАЛАР**



Аяқ-колы дірілдеп,  
Тұске дейін ауырады.  
Жүз грамм берсөң күлімдеп,  
Тұстен кейін «сауығады».

\*\*\*

Ертесімен  
Құмға сіңген судай болып,  
Қыдырып кетеді.  
Кешкісін  
Қайнаған будай болып,  
Құтырып келеді.

\*\*\*

Қожалықтың иесі бар,  
Сөйлегендеге салмақты.  
Тұсінбейтін жүйесі бар,  
Егіні шыққан қаңбақты.

\*\*\*

Жағынамын деп бастыққа,  
Жалпаңдаған құрдай боп.  
Байқамапты қалғанын,  
Ар-ұяттан жұрдай боп.

\*\*\*

Жеделдету жел боп тұр.  
Байлығымыз жем боп тұр.

Желінбеген жер қалды,  
Соны сату кем боп тұр.

\*\*\*

Күлуші едік өзбекке,  
Ала шапан, ала дорба.  
Тарап кетті жер-көкке.  
Қол арба мен сол дорба.

\*\*\*

Тұс аяа оянып,  
Бір-екі сағат боянып,  
Қызырып кетті кезбе келін  
Енесіне жасатып өз дегенін.

\*\*\*

Көтергенбіз кезінде  
Домкратпен деп,  
Кеншарды талап кетті,  
Банкротпен кеп.

\*\*\*

Мінін айтсан дірілдейді,  
Аруақ қысқан бақсыдай.  
Мактау айтсан күлімдейді.  
Жаны сүйген жақсыдай.

\*\*\*

Сараңға қарыз берсөн,  
Ала алмайсың.  
Аразға қонақ болып  
Бара алмайсың.

\*\*\*

Қарамай-ақ сиқына  
Сөйлейді кеп нығарлап.  
Болса да қанша миғұла.  
Жүреді кеп сықырлап.

\*\*\*

Біреуді мақтасаң іші күйеді.  
Біреуді даттасаң жаны сүйеді.  
Өзін мақтасаң шаттанады.  
Өзін даттасаң шаптығады.  
Білсе де өз мінін ақталады.  
Білімсіз болса да мақтанады.

\*\*\*

Жаман жанға байлық қонса қарық қылышп,  
Жақын досын қызғаныштан жуытпайды  
Жақсы жанды қиянат кетсе зарықтырып,  
Көмек қылсаң ғұмыр бойы ұмытпайды.

\*\*\*

Долы жанның шуы көп,  
Дос көңілін қалдыrap.  
Даулы сөздің уы көп,  
Дос өмірін талдыrap.

\*\*\*

Жеделдету жел болды,  
Қайта құру кем болды.  
Нарық деп ек одан соң,  
Бар-жоғымыз жем болды.

\*\*\*

Шыр бітпейтін Бөденге,  
Таза тапқан айлықтан.  
Барып еді кеденге,  
Жарылардай байлықтан.

\*\*\*

Көрмеуші ек сау күнін,  
Арақ болып жолдасы.  
Бүгін, міне, ауылдың,  
Бетке ұстар молдасы.

\*\*\*

Саудагерлерді табыстыратын  
Бір мамандық бар делдал деген.  
Жеңіл журіп, шабыс қылатын  
Жалақысы «сен ал, мен ал» деген.

\*\*\*

Бартер деген барып тұрған  
Кей кеншарға жұтпен тең.  
Ебін тауып алып тұрған  
Кей бастыққа құтпен тең.

\*\*\*

Үлкенді сыйлау деген  
Халықта бір мақал бар.  
Дегенмен милау деген  
Текеде де сақал бар.

\*\*\*

Бір шұқып, екі қарап жем жеген  
Құстың сағы- сауысқан.  
Бастығың да содан кем бе екен,  
Кеңшар малын тауысқан.

\*\*\*

Орыс досым байып еді,  
Салып алды қабат-қабат баспана.  
Қазақ досым байып еді,  
Қатын тастап, тайып тұрды басқага.

\*\*\*

Қыз өсірдім,  
Көремін деп қызығын.

Байдан қайтып,  
Көріп жүрмін «шыжығын».  
Ұл өсірдім,  
Көремін деп қызығын  
Ерке болып,  
Көріп жүрмін бұзығын.

\*\*\*

Бағасы көп еселенді,  
Ішпесін деп арақты.  
Еркек түгіл, кесел енді,  
Қыздарға да тарапты.

\*\*\*

Ауылдағы танысым Адамбек  
Шошқа етін сатып жүр.  
Өзі харам, ақшасы адал деп,  
Пайдаға мол батып жүр.

\*\*\*

Тұған тілді жықпаймын деп  
Намыс отын қайрап жүр.  
Бірақ өзі ұқпаймын деп,  
Басқа тілде сайрап жүр.

\*\*\*

Балық басынан шіриді,  
Көлдің суы құрғаса.

Бастық қолынан шіриді,  
Елдің мұлкін ұрласа.

\*\*\*

Шаруа қожалығын құрған Құрымбай.  
Егін салып, ен даланы шандатты.  
Ала жаздай қыр басына бұрылмай,  
Егіні шықты қаудырап қаңбақты.

\*\*\*

Егін салса, ерінбей халық салды,  
Мандайын тамшы термен жуып ап.  
Сыйын алса орақтың бастық алды,  
Таңдайынан халықтың жырып ап.

\*\*\*

Кеңселерді жағалап жүрді,  
Жайлы қызмет тапқанша.  
Дөкейлерді «ағалап» жүрді,  
Үртү майға батқанша.

\*\*\*

Бұл нарықта құнсыз кім?  
Қысқару көрген жан құнсыз.  
Бұл нарықта мұнсыз кім?  
Сауданы білген жан мұнсыз.

\*\*\*

Ауданның жайын асыра мактап,  
Мінбеде тұрып бөсіп кетті.  
Кемшіліктерді жасыра сақтап,  
Кешікпей қызметі өсіп кетті.

\*\*\*

Кездескенде жылмандаپ,  
Жаны қалмай ағалап тұрады.  
Көзің тайса жамандап,  
Боқтық сөзін сабалап тұрады.

\*\*\*

Газет-журнал күнделікті оқымаймыз,  
Жаңалықты көңіл қойып тоқымаймыз.  
Осылай жүріп, ағайын-ау, бір күні  
Соқыр надан елі болып тоқыраймыз.

\*\*\*

Ауылың не, қалаң мен,  
Ұрлық деген сәні болды.  
Саудаласар балаңмен,  
Бұл өмірдің заңы болды.

\*\*\*

Алымқорлар өледі,  
Қалтаға тұншығып,  
Арызқойлар өледі,  
Қalamға құлшынып.

\*\*\*

Жоғарыдан келген басшылар  
Алдымен дәм татып «ащылар».  
Сосын шаруа жайын сөз етіп,  
Кемшілікті болса аз сынар.

\*\*\*

Ұнатып байға шықты,  
Ажырасты сыймағасын.  
Қыз болып қайта шықты,  
«Ескі әнін» қимағасын.

\*\*\*

Енесі жүр төсек жиып,  
Шаруа жайын қабыстырып.  
Келіні жүр өсек жиып,  
Үй арасын атыстырып.

\*\*\*

Тұқ білмейтін аңқиған  
Институтқа келіп жүр.  
Әкесінің қампиған  
Қалтасына сеніп жүр.

\*\*\*

«Қаланың көмегі ауылға,  
Ауылдың көмегі қалаға»,  
Деген ұран жалғасуда.

Әттеген-ай, екі жақ та  
Сауда жасап, арбасуда.

\*\*\*

Әкесі бұрын жорға мінген,  
Баласы бүгін «Волга» мінген.  
Әкесі бұрын кетпейтін қоймадан,  
Баласы бүгін қоймаға тоймаған.

\*\*\*

Ішпегенде «көк суды»  
Бұдан асқан момын жоқ.  
Ішкен күні мәңкіді  
Асай аттай долы бол.

\*\*\*

Өз басында міні жетерлік,  
Өзгеге бірақ міншіл.  
Біреу кетсе биік көтеріліп,  
Етектен басар күншіл.

\*\*\*

Бастықтың болып «оң қолы»  
Талайдың жолын орлады.  
Бірде болмай оң жолы,  
Сол орға өзі сорлады.

\*\*\*

Кырда жүрген трактор  
Жейтін майын сұрап тұр.  
Майға берер малы жоқ  
Директор жылап тұр.

\*\*\*

Кеңшардың баққан қойларын  
Елдегі бір шопаным  
Сағынса қазір қой малын  
Ііскейді екен шапанын.

\*\*\*

Қызыл ішсөң – қызасын,  
Мұрынмен жер сызасын.  
Ақ ішсөң – ақыл кетеді,  
Қоймасаң – қатын кетеді.

\*\*\*

Айналайын, бозбала,  
Осы қызды қозғама!  
Қыз дегенің қымыз ғой.  
Алданып қап, боздама!

\*\*\*

Ішімдік жағын ішетін  
Иваннан тәлім алышты.  
Жан жоқ алға түсетін  
Не деген «зерек» халықты!

\*\*\*

Құлақтан кіріп, құлақтан шықса,  
Айтылған сөздің мәні болмас.  
Қайырымсыз жанға көмек қылса,  
Жақсылық істің дәмі болмас.

\*\*\*

Сайланарда кейбіреулер сайрайды,  
Құрғақ сөзбен қызыл тілін қайрайды.  
Сайланып алған соң уәде бос қалып,  
Өз қамын түгендеуден аумайды.



**Бесінші бөлім**

**МАГЫНАСЫ МАЙЫСҚАН  
МАҚАЛДАР**



Есепшінің түбіне көз жетеді.  
Өсекшінің түбіне сөз жетеді.

\*\*\*

Ақшаң болса,  
Алаңсыз емделесің.  
Ақшаң болмаса,  
Амалсыз жерге енесің.

\*\*\*

Бір құдалық құт.  
Екі құдалық жұт.

\*\*\*

Молда білгенін оқиды.  
Ұры қөргенін шоқиды.

\*\*\*

Ұрының несібі тұнде.  
Жалқаудың несібі күнде.

\*\*\*

Күйеу – қызың қайтқанша сыйлы.  
Құдаң – шағым айтқанша сыйлы.

\*\*\*

Бұрын қазақ:  
«Ет етке, сорпа бетке» – дейтін.

Бұгін қазақ:

– Ет етке, арақ бетке, – деп жүр.  
Ет болмаса да,  
Арақпен шөп-шәләм жеп жүр.

\*\*\*

Жаманға

Күнің түссе, құның кетер.  
Ісің түссе, пұлың кетер.

\*\*\*

Бәйбіше – бал.

Тоқал – тоқпақ.

Тілін табу

Ауыр соқпак.

\*\*\*

Әйелің

Ақшалы болсаң сыйлайды.

Ақшасыз болсаң қинайды.

Ұрыс-керісін тыймайды.

\*\*\*

Әзілің жарасса

Кектенбейді.

Өсегің тараса,

Шектелмейді.

\*\*\*

Ақша түссе,  
Пысық боласың.  
Ақша бітсе,  
Псих боласың.

\*\*\*

Арақпен көнілдес болсан,  
Ит болу оңай,  
Адам болу қын.

\*\*\*

Білегі бар бірді жығар,  
Жүрегі бар жұзді жығар.  
Қалтасы бар мынды жығар,  
Қалтылдаған кімді жығар?

\*\*\*

Көрдім десен,  
Тергеуде жүресін.  
Көрмедім десен,  
Серуенде жүресін.

\*\*\*

Қыздың сәні бұрын бұрымында,  
Қазір шынысы мен шылымында.

\*\*\*

Ажарлы әйел – ердің соры,  
Ақылсыз әйел – елдің соры.

\*\*\*

Аракқа үйір жігіт  
Сырашыл келеді  
Арызға үйір жігіт  
Кінәшіл келеді.

\*\*\*

Бай мен ұры көрші болса,  
Үндес болар.  
Бай мен кедей көрші болса,  
Күндес болар.

\*\*\*

Болар жігіт  
Кітапханаға жүгіреді.  
Тозар жігіт  
Сыраханаға жүгіреді.

\*\*\*

Бұрынғының баласы  
Әкесін сыйлап есті.  
Бүгінгінің баласы  
Әкесін қанауға көшті.

\*\*\*

Ерек «судан» құриды.  
Әйел сұлудан құриды.

\*\*\*

Әйелдің құлығын  
Қырық есек жүк еткен.  
Еркектің құлығын  
Жалғыз әйел күйреткен.

\*\*\*

Ақша кезінде құнға айналды.  
Сосын барып суга айналды.  
Енді бүгін буға айналды.

\*\*\*

Епті болсан,  
Малың өседі.  
Епсіз болсан,  
Барың өшеді.

\*\*\*

Үйі байдың қызын алсан  
Күйлі боласың.  
Елеулінің қызын алсан,  
Сыйлы боласың.

\*\*\*

Ерінбей еңбек қылсан  
Нан жеп, тоят табасың.  
Ерінбей сауда қылсан,  
Ебін тауып «Тойота» аласың.

\*\*\*

Танысы көптің табысы көп,  
Танысы жоқтың шабысы көп.

\*\*\*

Әдемі қыз - оғистің көркі.

\*\*\*

Есепшіл жігіт – саудаға үйір.  
Өсекшіл жігіт – жанжалға үйір.

\*\*\*

Құрығы мықты  
Куганын алады.  
Құлығы мықты  
Тұрганын алады.

\*\*\*

Ағасы бардың бағасы бар.  
Панасы бардың тағасы бар.

\*\*\*

Қоймашымен ымдас бол.  
Саудагермен жымдас бол.

\*\*\*

Тәрелермен ымдас болсан  
Тәрден орын аласын.

Берегенмен жымдас болсан,  
Өзінде жоғынды аласын.

\*\*\*

Жалтыраған мандайда  
Ақыл көп болады.  
Тақылдаған тандайда  
Ашу көп болады.

\*\*\*

Байлық табам десен,  
Сараң бол.  
Сөзден қашам десен,  
Керең бол.

\*\*\*

Қатының бапты болса,  
Ыңдысың жиылмайды.  
Қатының қатты болса,  
Ырылың тыйылмайды.

\*\*\*

Дәрежен ұлғайса,  
Танысың көп болар.  
Басынан нұр тайса,  
Көзіңе шөп салар.

\*\*\*

Жылқы кісінese,  
Жершіл болғаны.  
Сайқал есінese,  
Ершіл болғаны.

\*\*\*

Тірісінде  
Саптауын жеткіземіз.  
Әлгенде  
Мақтауын жеткіземіз.

\*\*\*

Әйелдің шындығын  
Ашынғанда білерсің.  
Таздың шындығын  
Қасынғанда білерсің.

\*\*\*

Әйелдің құлығы  
Қырық есекке жүк емес.  
Еркектің құлығы  
Бір әйелге түк емес.

\*\*\*

Алымшының  
Сүйетін сөзі пара.  
Аңдушының  
Сүйетін сөзі жала.

\*\*\*

Сұғанак түсінде  
Жұрттың асын көреді.  
Сатуши түсінде  
Шоттың тасын көреді.

\*\*\*

Саңырау саңырауға сәлем берсе,  
Атаның басына тиіседі,  
Ұры ұрыға сәлем берсе,  
Адамның затына тиіседі.

\*\*\*

Көп білгеннің тілін алма,  
Өз білгеніңнен жаңыласың.

\*\*\*

Көп сүйгеннің,  
Махаббаты ғұмырсыз.  
Көп сөйлегеннің,  
Сөзі ұғымсыз.

\*\*\*

Жаманды мақтасаң  
Алғысқа бөленесін.  
Жақсыны даттасаң  
Қарғысқа кенелесін.

\*\*\*

Сараң болсан,  
Дүние тұтынарсың.  
Керең болсан,  
Сөзден құтыласың.

\*\*\*

Мұрт-сақалдың ағасы.  
Сақалдан тәмен бағасы.

\*\*\*

Жағымпаздың жымиганы не еткені?  
Бір нәрсені бұлдіріп кеткені.

\*\*\*

Үмдастардың жымы бір,  
Күндестердің жыны бір.

\*\*\*

Өтірік өрлетеді.  
Өсек терлетеді.

\*\*\*

Аз сөз – жарасым,  
Көп сөз – кәрәсім.

\*\*\*

Қайтып келген қыздың  
қайырымы мол.

\*\*\*

Қызғаныш – құрт ауру.

\*\*\*

Тіленіп күн көрген  
Кор болып өлген.

\*\*\*

Емініп тұру үшін де ептілік керек.





**Алтыншы бөлім**

**АУЫЛ ӘЗІЛДЕРІ**

## **«Келінжан неге жылайсың?»**

«Аманкелді» кеңшарында ана директорды орнынан алып, жаңа директорды орнына салып, сосын жүртқа таныстыру жиналысы өтіп жатса керек. Мұндай жиналысқа күрек ұстаған еркектен бастап, үршық ұстаған әйелге дейін жинала қалатын әдеті ғой. Клубта құмалак түсер бос орын болмапты.

Сонымен не керек, ауданнан келген өкіл ескі директорды есептен шығарып, жаңа директорды есепке ала бергенде қалың жүрттың ортасынан бір келіншек ағыл-тегіл жылап қоя беріпті. Сонда жанында отырған бір қария:

– Е, келінжан, неге жылайсың? Ананың кеткеніне қуанғаның ба, әлде мынаның келгеніне жұбанғаның ба? – депті.

– Ой, ата-ая, оған да, бұған да жылап тұрганым жоқ. Анау директор ұзын көшпен артынып-тартынып көшкелі жатыр. Ертең мына директор да соны істейді. Сонда кеңшарымызда не қалады? Соған жылап тұрмын, – депті келіншек.

## **«Бәтепкемді басып отыр»**

Ұзын сары келер кезде ауылда соғым етіне шақыру бір науқан ғой. Бірде әлгі келіншекті күйеуімен бір үй соғым етіне шақырыпты. Кешке сол үйге қонаққа жиналып жатқанда әлгі келіншек күйеуіне:

– Артық арақ ішіп, мас болып қалып жүрме, ертең біз де соғым етіне кісі шақырамыз, – деп ескертіпти.

– Артықтау болып бара жатса, бәтенкемді баса қоярсың, – депті күйеуі.

Сонымен не керек, қонаққа барып, биік үстелге жайғасып алған соң күйеуі арақ құйып жүрген даяғашының қолын қақпапты. Мұны сезген келіншек үйдегі келісімді есіне түсіріп, күйеуінің бәтенкесін қаттықатты басып қалыпты. Іңқ еткен күйеуі жок, алдындағы аракты алаңсыз қылғыта беріпті.

Ақыры қыларға амалы құрыған келіншек жүртқа сездірмей үстелдің астына ұрланып көз жүгіртеді.

Бақса, күйеуі бәтенкесін шешіп келіншегіне қарай ығыстырып қойып, аракты жалаңақ жосылтып отыр екен.

### **«Охтиыңнан» маган да құйышы»**

Бір жында даяғашы жүрттың рөмкесіне аракты шамалап қана құйып, өзіне келгенде лықылдатып толтырып жіберіп, «охти» деп айтатын көрінеді. Екінші құйғанда да сөйтеді.

Бір емес, бірнеше рет «охтилатып» жүрген даяғашының құлығын сезіп қалған әлгі келіншек:

– Тым болды маған да «охтиыңнан» бір құйып берші, – депті.

### **«Үйректің еркегін не деуші еді?»**

Ауылда таныс орыстың көшкелі жатқанын естіп бір әжей үйрегінен тұқым алып қалмақшы болады. Өзінде ылғи ұрғашы үйрек болғандықтан, әлгі орыстан еркек

үйрек сатып алмақшы болып көшеге шығады. Жолжөнекей келе жатып, үйректің еркегін орысша қалай сұрайтынын есіне түсіре алмай, қарсы кездескен бір орыс келіншегінен:

– Уткин муж как звать? – дейді. Ана келіншек ойында дәнене жок, көшкелі жатқан Уткиндердің еркегін сұрап тұрган шығар деп ойлап:

– Николай, – дейді.

Сонымен не керек, әлгі әжей Николайды аузынан тастанмай қайталап, дедектеген қалпы орыстың үйіне барса, келіншегі ғана екен. Кірген бойда әлгі келіншектен:

– Николай продаш. Мой утка все девушка, муж надо, – дейді. Кемпірдің ойын түсінген әлгі келіншек шек-сілесі қатып, қорадан бір ерек үйректі ұстап беріп:

– Бери бабушка, а мой Николай на работе, – депті.

### *Қалмайтын ойын*

– Бала кезімде «қызтеке» деген ойын болушы еді, қазір соны ойнай ма? – деп сұрапты Әйекең қарт жігіттердің бірінен.

– Ой, ата, ойнағанда қандай, бұрынғыдан да күшнейіп кетті, – депті жігіттердің бірі.

– Е, өзі де қалмайтын ойын еді, – депті Әйекең мәз боп.

## ***Есек емес шығар***

- Сен тұрмысқа неге шықпай жүрсің? – деп сұрапты құрбысы.
- Сөз айтқан жігіттің құлағы қалқандау боп тұрғаны,
- депті қыз менсінбеген сыңай танытып.
- Е, есек емес шығар, есеп білсе болды емес пе. Эйтпесе құлағын ожау қылмайсың ғой, – депті құрбысы.

## ***Орынды жауап***

- Феодалдық дәуірден социалистік дәуірге бір-ақ секіріп өткен қазақ біз едік, – депті қызбалана сөйлеген мұғалім.
- Бекер-ақ солай еткен екенбіз. Есесіне қазір сол соқпай өткен капитализмге қайта оралып, есіміз кетіп жатқан жоқ па, – депті оқушы мұнайып.

## ***Шәймен болмайды***

- Бізде «шәймен, шәймен» деп қыстау айтып, шәй үстінде арақ беретін әдетіміз жоқ еді, – депті үй иесі.
- Ендеше ет жеп отыра берейінші, – депті қонак.

## ***Пенсияга қарап отыр***

- Осы қылқынып өлейін бе, – депті бірденеге қатты назаланған Әйекең қарт.
- Қоя тұрыңызышы, пенсиянды бермей қойып, біздің күнкөрісіміз қынданап кетеді ғой, – депті баласы.

## **«Ақылды ұл»**

Ер жетіп, үйленген ұлына әкесі:

– Жұрттың баласы жұлынып, күнкөрістің қамын ойлап жүр. Сенің жатысың мынау, – деп ұрысыпты. Сонда баласы:

– Е, әке, қырыққа дейін сен асырайсың, қырықтан кейін балам асырайды. Несіне жұрт құсап жұлынамын, – десе керек.

## ***Орысша сайрап тұр***

Ауылдан ұзап, шетке шығып көрмеген Жаманқұл құрдасым алғаш аудан орталығына барғанда, ойнап жүрген орыстың бір топ баласын көріп:

– Апрай, мынаның бәрі қаршадай болып орысша сайрап тұрғандарын қарашы! – деп таңқалыпты.

## ***Бір үйрек, бір қаз***

Қалаға оқуға келген ауыл баласынан мұғалім ананы сұрап, мынаны сұрап, мандыртып жауап ала алмағасын:

– Шырағым, демалыста ауылға баrasың ба? - деп сұрапты.

– Ага, жіберсеңіз, барамын ғой, – депті оқушы.

– Онда бір үйрек, бір қазды бері ұшырып жіберерсің, – депті мұғалім. Мұны түсіне қойған бала:

– Е, бопты, біздің үйдің қаз-үйрегі қала жаққа ұша біледі, – депті қуанып.

## **«Кім ұстайды»**

- Папа, қызыл жағалар машинамен жүргенде неге арақ ішеді? – деп сұрапты баласы.
- Шопырлар ішсе МАИ ұстайды, оларды қай құдай ұстайды, – депті әкесі.

## ***Ашу қайдан шығады***

- Эйелдің ашуы қайдан шығады?
- Күйеуінің қалтасы қағылса, төркін жүртын сағынса, қымбат зат алғысы келсе, қонаққа барғысы келсе.

## ***«Атаңның басы»***

Әбекен қарттың қалада тұратын келіні баласына ұрысқанда сөздің басын «атаңның басы» деп бастауды әдет қылған көрінеді. Бірде сол баласы ауылдағы атасына қонаққа барыпты. Әбден сағынып қалса керек, атасының бетін иіскелеп, басын сипалай беріпті.

- Құлыным-ай, атаңды рас сағынып қалыпсың ғой,
- деп шал да немересін бауырына қысыпты.
- Жалғыз мен емес, мамам да сағынды. Маған ылғи «атаңның басы, атаңның басы» дейді, – депті сонда немересі.

## ***«Артың қызарғанша құдық»***

Бір топ жігіт уәделі күні көрші ауылдан қыз алып қашса керек. Мұны сезіп қалған ауыл жігіттері женіл машинаға міне салып, әлгілерді ал ку! Аналардың

машинасы да жүрдек екен, көпке дейін қарасын көрсетпепті. Мыналар да айсыз тұнде жолдың жарық-марығына қарамастан қуа беріпті. Бір кезде қашқыншылар мінген машинаның арты қызарып жанса керек. Сонда құғыншылардың бірі:

– Әп, бәлем, өзіңе де сол керек, артың қызарғанша кудық қой, – депті.

### *Аты өзгергенмен, заты өзгермепті*

Өткен жылы бір шаруашылықтың жалпы жи налысы болып, күн тәртібінде егін салу, шаруашылықтың атын өзгерту мәселелері қаралса керек. Бірінші мәселе бойынша сөз алған шаруашылық басшысы:

– Егін салар едік, шегіртке жеп қояды, әрі тұқым жоқ, жер өндер едік, бәрібір шөп шығады әрі техника жоқ... – деп жыларман бопты. Сонда отырған көпшілік:

– Несіне бас қатырамыз, екінші мәселеге көшелік,  
– десіпті. Сол жолы шаруашылықтың аты нарық заңына сай өзгеріпті. Бірақ аты өзгергенмен, заты өзгермепті. Күні бүгінге дейін шаруашылығы оралымға келмей отырған жайы бар.

### *Ел Елубайға қалды*

Соғыс кезінде ауылдағы азаматтар майданға аттанып жатса керек. Ақыры еркеккіндіктілерден ауылда жалғыз Елубай ғана қалыпты. Сонда әйелі:

– Билей білсе, ел енді Елубайға қалды, – депті. Сол сөз кейін мәтелге айналып кетсе керек.

## **«Су шашыңдар»**

Ертеректе ауыл колхоз болған кезде техника тілін білетін мамандар жетіспесе керек. Сонда екі-үш ай машина жұргізіп шопырлықты үйренген Мақтағанды колхоз басқармасы механик етіп қойыпты.

Таңертен алыс сапарға шыққан машиналар кешке буы бұркырап, моторы шыркырап, сұы қайнап келеді екен. Мұның мәнісін білмеген шопырлар Мақтағанға келіп:

– Мынаған не амал істейміз? – деп сұрайтын көрінеді. Сонда ол:

– Соны да сөз деп, Есілге апарып су шашындар, қызығаны басылады, – депті.

## ***Ол кезде бауырмал едік***

– Тоқырау кезінде бір-бірімізге дос, туыс, бауыр едік-ау.

– Иә, несін айтасың, ол кезде бір сындырым нанды бөліп жеп, бір шөлмекті бөліп ішіп, ештеңеге тарыншылық танытпадық.

– Нарық кезінде бір-бірімізге қасқыр, жау, дұшпан болып кеттік қой.

– Айтпа деймін, біреуге бірденеміз ауысып кетсе, қасқырша ырылдасып, жауша шабысатын болдық.

## ***Оңған күніміз бар ма?***

Кеше телевизордан шет елде бір сауыншының бес жүз сиырды техникамен жалғыз сауып жүргенін

көрсөтті. Біздің онған күніміз бар ма. Бәрін қолмен атқарсақ та, ыңқ етпейміз.

– Оған несіне қиналасың? Біздің сауыншылар бұл сордан оп-оңай-ақ құтылды ғой.

– Қалай?

– Күнің туғыр, нарық келе сала шаруашылықтардағы сиыр біткеннің көзіне су құйып, сауыншыларымызды тайраңдатып қойды емес пе.

– Енді олар немен айналысып, немен күн көрмек?

– Кім білсін, әйтеуір, көпшілігі самогон сауып, көпшілігі қалаға шауып, тіршілік жасап жүр ғой.

### *Kіnəlі өгіз*

Жаңажол колхоз болып тұрған ертерек кезде ауданнан уәкіл келіпті. Есімі Монти екен. Колхоз басшылары жік-жапар болып, уәкілге шаруашылықты аралатып, таныстырады. Фермаға келгенде бір малшы бұзау кезінен Монти деп үйреткен өгізін арбага жеге алмай әлек болып жатса керек.

– Арам қатқыр Монти, шөп тасимыз, қора тазалаймыз, сенімен сенделіп тұратын уақыт жок,- деп зекіп те қояды.

Мұны естіген уәкіл қатты ашуланыпты. Не істерлерін білмей абыржыған колхоз басшылары малшиға дүрсе қоя беріпті.

– Өгіздің аты Монти болса, менде не кінә, – деп малшы да ағынан жарылады. Ақыры не керек, басқарма қатты сасқанынан уәкілдің көзінше өгізді

пышаққа жыққызып тыныпты. Сол күні тулап барып, райынан қайтқан Монти уәкіл атан өгіздің семіз қуырдағына тойып аттанса керек.

## ***Шындықты білем десен***

Іссапардан қайтып келе жатқан екі жігіт біраз әнгімедүкен құрса керек. Сөз төркіні әйел адалдығына ауысқан кезде бірі:

– Мен әйелімді өзгемен жүреді деп ойламаймын, – депті.

– Әйелдің құлығы жеті қабат жер астында деген, оны қайдан білесің? – депті мынау.

– Күзет мықты, шешемді отырғызып кетемін, қашан кетті, қашан келді, бәрін тізіп отырады, – депті анау.

– Мен күзет-мүзет қойып, әуре болып жатпаймын. Үйге келісімен көрші әйелге телефон соғамын да, «әй, кәрі сайқал» деп қаламын. Сосын бітті, ол бар шындықты өзі-ақ айтып береді, – депті мынау мәз болып.

## ***Кемпірдің қадірі***

Жаңада танысып жүрген жігітке қыз:

– Кемпірің бар ма? – деп сұрапты.

– Құдай сақтасын, сенен бұрын әйел алсам антұрсын. Ант ұрмақ түгіл, бұл өмірде әйел жүзін көрмей кетейін, – деп жігіт ағынан жарылыпты.

– Жоға, мен әйел алдың ба деп сұрап тұрған жоқпын. Ертең үйленген соң маған, кейін баламызға күтуші болатын кемпірді сұрап тұрмын, – депті қыз.

## **«Саңырау болған жақсы»**

Бір шал:

- Қартайғанда саңырау болғаның жақсы екен, – депті. Мұның мәнісін түсінбеген тетелесі:
  - Керең болғанның несі жөн, – деп кейіпті.
  - Е, келін не деп жатыр, кемпір не деп жатыр, естімейсің, сол жақсы, – депті шал.

## ***Бір айтуы кем болды***

Жекекөлде Мереке деген кісі бір кезде арақты қойдым деп жүрсе керек. Бірде сол кісі құдалыққа барыпты. Арақ құйып жүрген жігіт:

- Сіз неге ішпейсіз? – деп бір айтыпты, екі айтыпты. Содан кейін әлгі кісіні қайтып қыстамаса керек. Ішуге Мереке де ауылдастарынан ұялып үндемепті. Құдалық тарқап, үйге қайтқанда:
- Әттең, үшінші рет айтса, ішіп қояр едім, – депті Мереке өкініп.

## ***«Бәлем, бәрін сұлаттым»***

Ана кезде ауылдағылар қолдан сыра қайнатып, қонақтарын шақырады екен. Біреулер сырар күшті болсын деп ана-мынаны қосатын көрінеді. Бірде Жекекөлдегі Ерекеңнің әйелі де сырға қайнатып, мендуана қосыпты. Қонақтар бір-екі бакалдан ішкеннен кейін жүректері қысып, бастары айналыпты. Даға шыққанда көпшілігі аяқтарын баса алмай, ақ қардың үстінде

катар-катар сұлап жатса керек. Сонда Ерекеннің әйелі:

– Бәлем, бәрін сұлатып шығардым ғой, қай үй осылай ішкізді, – деп мактаныпты.

### **«Өзі асылып өлді»**

Ертеректе ауылда бір мал дәрігері болды.

Обалы не керек, малымызды да, жанымызды да сол емдейтін.

Бірде көршіміз малын жайлап, көрші ауылға конакқа кетеді. Кештетіп келсе, жалғыз сиыры оттыққа құлап, мүйіз жібіне қылқынып өліп жатыр екен.

Арам өлген малдың тым болды ауылсовет беретін азын-аулақ акшасын алайын деп кенсеге барады. Ондағылар мал дәрігерінен сиырдың өлгені туралы анықтама қағаз әкел дейді. Әлгі көршіміз мал дәрігеріне келіп, болған жайды баяндайды. Сонда мал дәрігері: «Бәленишенің сиыры өзі асылып өлді» деп анықтама жазып беріпті.

### **«Маган мереке жақпайды»**

Мереке өткен сайын Бәти деген кісі ылғи қатты ауырып жататын болыпты. Бірде танысы көңілін біле барып:

– Эй, Бәти, осы сен мерекеден кейін неге ауыра бересін? – деп сұрапты.

– Құрып қалғыр, маған мереке дегенің жақпай қойды ғой, – депті сонда Бәти.

## **«Мені ұятқа қалдырады»**

Бірде Бәтиге танысы келіп:

– Осы сенің сиырларың жылда егіз табады. Тұқымға қашарыңның бірін сатпайсың ба? – депті.

– Сата алмаймын, оған ренжіме, – депті Бәти киналып.

– Дүниенің құны болса да сат. Дос көнілін жықпа, – депті анау жабысып.

– Қалай сатам. Қора-жайым ферманың іргесінде тұрғасын ғана сиырларым егіз бұзау тауып жүр. Жерді өзгертсе, мені ұятқа қалдырады, – депті Бәти.

## **«Мұрныңнан танып тұрмын»**

– Сіздерге жұмысқа орналасайын деп едім.

– Бізде бос орын жоқ.

– Тым болды жөн-жобамды айтып, арыз тастап кетейінші.

– Жазбай-ақ қой, жөн-жобанды андағы мұрныңнан-ақ танып тұрмын.

## ***Oй, масқара***

Мас болған біреу ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде мынандай қызық іс көреді.

Көл дарияда қалқып, қайықпен жүзіп жүр екен. Қолында ұзын құрық қармағы тұр екен. Сол қармағын әлсін-әлсін суга тастайды. Бірақ балық дегениң қаппайды. Олай ойлап, былай ойлап, мұның сырын таппайды.

Сосын осы дарияда балық бар ма өзі деп, алака-  
нымен судың бетін шалпылдатып, шайқайды. Бір кезде  
мұрын жарған бір иістің барын байқайды.

Ояна келсе, ой, масқара жатқан жеріне «кіш» етіп  
қойыпты.

### *Kөкектер*

Жігіт:

– Осы мен саған қазір үйлене қояр едім. Эттең, қоя  
алмай жүрген бір мінім бар.

Қыз:

– Ол қандай?

Жігіт:

– Үйде қонбайтын жыным бар.

Қыз:

– Оқасы жоқ, менің де сондай түрім бар.

### *Kәсәк болып істейді*

Ауылдағы Бейсенбай қарттың қалада тұратын бала-  
сы нарықтың алыпсатар науқаны жаңа да басталған  
кезде тез байып алса керек. Ауылға бірде «Волга» мі-  
ніп, бірде, «Джип» мініп жиі барғыштапты. Мұны көр-  
ген ауыл адамдары:

– Бейсеке, осы сенің балаң қайда істейді?

Қызметі жақсы шығар, – деп сұрапты. Сонда Бейсенбай:

– Балам крутой болып істейді, жолдастары солай  
айтып отыр, – депті мақтанышпен.

Арада бірер жыл өткеннен кейін Бейсенбайдың әлгі

баласы ауылға волгалатып, жорғалатып баруды сиретіп, бірде біреуге мінгесіп келіп айлап жатып алса керек. Мұны байқаған ауыл адамдары:

- Бейсеке, балаңның қызметі қалай, өзгерген бе өзі,
- деп сұрапты.

Сонда Бейсекен:

- Қазір кәсәк болып істейді. Өзі де кәсәк болдым, кәсәк болдым деп қақсап отырғой,- депті.

## *Kүдікшіл көрші*

Милиция мен ұры көрші тұрса керек. Кездескен сайын ұры сасқалактап әлгімен ылғи «кеш жарық» деп сәлемдесетін көрінеді. Бұған таңқалған милиционер:

- Осы сен күндіз де, кешке де неге «кеш жарық» деп сәлемдесесің- деп сұрапты. Сонда ұры:
- Сені көрген сайын көзім қарауытып кетеді, –депті.

## *«Орамалым үйде қалыпты»*

Қабір басында тұрған жұрт жылап-сықтап жатқанда бір келіншек жыламай тұрса керек. Сонда жанында тұрған келіншек әлгіге:

- Сен неге жыламай тұрсын? Жақын туысың ғой, – депті.
- Орамалым үйде қалып қойыпты. Жыласам, көзімнің бояуы бетімді бұлдіреді, – депті әлгі келіншек.

## *Оқушының құлышы*

Олақтау оқушы кейде мектепке бармай, сөмкесін көңгө көміп, ойнап кетеді еken. Бірде көмген сөмкесін таба алмай қалса керек. Үйіне келіп, күрек алып жатқанда шешесі:

- Оны не қыласың? – депті.
- Мұғалім «білім алған инемен құдық қазғандай» деген. Мен де мектеп жанындағы көнді қазып көремін,
- депті әлгі оқушы.

## *«Күзет менің не теңім»*

Ертеректе елде тұратын Көкен деген ақсақалдың кемпірі өліп, көңіл-күйі жадау болса керек. Мұны сезген МТС директоры Көкенді аяп, күзетшілікке алыпты. Жұмыс сонында МТС басындағы үйшікке жиналған механизаторлар күйбендер от жағып жүрген Көкенді көріп:

- Халің қалай? – деп сұраса керек. Сонда Көкен тұрып:
- Халдің несін сұрайсындар? Көкенің алты баланы жалғыз құшағына сыйдырып өсіріп еді. Енді алты бала жалғыз Көкенді құшақтарына сыйғыза алмай жүр. Эйтпесе күзетші менің не теңім, – депті.

## *Ұгатын уақыт жестті*

-Нарық дегеніміз не?

Несін сұрайсың, ұңғыл-шұңғылын ұгатын уақыт

жетті ғой. Ол орталық мұлікті жоқ қылған, қалталы жүлікті көп қылған, халықтың қалың тобын сымпитып, аз тобын тоқ қылған қайта құрудың қызылкөз бір кезені.

### *Aйтпа деймін...*

-Дінімізге берік халық едік...

-Айтпа деймін, мына пәлекет нарық келіп, корсылдаған торайды қоймен бірге қорамызда күтетін болдық.

-Арымызға адап халық едік...

-Айтпа деймін, мына пәлекет нарық келіп, ақша үшін алдамашы жолға түсетін болдық.

### *Молдаға жағымды сөз*

Есілдің арғы бетінде ауылдан біреу қайтып, соған бергі беттегі молданы шақырса керек. Құлағына хабар тиіп, асыққан молда айналып баратын жолды ауырсынып, төтесінен қайықпен өткенді жөн көріпті.

Күн желкемдеу болса керек. Жиекке жете бергенде қайық шайқалып кетіп, абайсыз отырған молда суға құлапты.

– Күтқар, күтқар! – деп жан дауысы шыққан молдаға қайықшы:

– Бер, бер, қолынды бер, – деп қолын соза беріпті. Молда қолын бере қоймапты. Сонда қайықшы:

– Мә, мә, қолымды ал, – дегенде молда қайықшының қолын шап беріп ұстаған көрінеді. Молдаға жағымды сөз осы болса керек.

## *Дүние пәле – тілде*

Әйтім деген қуакылау адам бірде жол жүріп келе жатып, көптен көрмеген танысының үйіне ат басын тірепті. Амандақ-саулықтан кейін шай ішіп болған ол:

- Асығыс едім, рұқсат болса жүріп кетейін, – депті.
- Ол не дегенің, көптен бері келгенің осы. Қонақасынды жеп, қонып кет, – депті танысы Әйтімге жабысқан болып.
- Әйтсем-әйтейін, атымды қайда байлайын, – депті осыны күткен Әйтім. Сонда танысы:
  - Дүние пәле мына тілде, мә, тіліме байла, – деген екен.

## *Араша түскен бала*

Есік алдында ойнап жүрген кішкентай бала екі адамның әбден қызыл шеке боп ұрысып тұрғанын көреді.

- Сенен шашлық жасаймын, – дейді керілдескеннің бірі.
- Мен де сенен шашлық жасаймын, – дейді екіншісі де екіленіп. Мұны естіген кішкентай бала әлгілердің жанына жүгіріп келіп:

– Агатайлар, шашлықты жақсы көруші едім. Маған да бересіндер ме? – дейді.

Кеңірдектесіп тұрған әлгілер не айтарларын білмей, кенкілдеп күлген қалпы өз жөндеріне кете барады.

## **Қаладан келген қалыңдық**

О кезде ауылға бөтен бойжеткен келсе, бойдақ жігіттердің көздері қызаратын. Бірде сондай бойжеткен келіп, бойдақ жігіттеріміздің бірі ғашық болып қалады. Бейбіт жолмен келіссөз жүргізіп, келіспегесін алып қаштық.

Ауылдан біраз ұзап шыға бере қыз дегенімізге көнгендей мінез танытып, машинаны тоқтатуды өтінді. Тоқтаттық. Тысқа шықтық. Сосын өліп-өшіп жүрген жігітімізді қыз оңаша шақырып алды. Мұны жақсылыққа жорып, қуанғанымыздан бой жазып тұрғанбыз.

Бір кезде жігітіміздің жол жиегіне қалпақтай жалп ете түскенін байқап қалдық. Солай қарай жүгірген тағы бірімізді әлгі қыз етпетінен түсірді. Сейтті де дайын тұрған «Жигулиге» мініп, бір-ақ тартты. Санымызды соғып, сандалып біз қалдық.

Бақсақ, бізді бақаша бақыртып кеткен әлгі қалыңдығымыз қалада дене тәрбиесі институтында оқитын спортшы қыз екен.

### **«Иттің басы ауырады»**

Ет жеп отырғанда «қойдың басын мұжимін» деп немересі қоймаса керек. Сонда әжесі «Әкесі тұрғанда баласы бас мұжімейді» – деген бұрынғының әдебін сақтап:

– Бұл қойдың басы ауыратын еді, итке тастармыз,  
– депті.

– Эже, онда иттің басы ауырады ғой, одан да төгіп тастайық, – депті немересі.

### ***Мыңқ етпейтін келіншек***

Жұмыстан келгенде түскі ас дайын болмай, соған қатты ашуланып күйеуі:

– Төркініңе апарып тастаймын, – десе керек. Сонда мыңқ етпеген келіншегі:

– Жын ұрып па мені кете қоятын. Картопты қаздық, қысқы соғым алдық. Соны жегесін, көктем келгесін апарып тастарсың, – депті.

### ***Eсебі түгел***

– Жалақысы жақсы жұмысқа орналастырайын, – депті бастық жұмыссыз жүрген бір танысына.

– Оған әуре болып қайтесің, жалақысы аз қоймашылық қызмет болса соған да ризамын, – депті танысы.

### ***Құлақтан кіріп, ауыздан шығар***

Ер адамға сөз құлақтан кіріп, бойға баар. Жақсы еркек сөздің нәрін ұғып, ойға салар. Ал әйелге сөз құлақтан кіріп, ауызға баар. Аялдамай ауыздан шығып, ауылға таар.

### ***Қиқар немере***

Шаштаразға апарып шашын еріксіз алдырып келгеннен кейін үш жастан асқан немересі қиқарланып үй ішіне тыным бермесе керек. Сонда атасы:

– Шырағым, басында ақыл көп еді гой, тентек болмашы, – депті.

– Ақылдың бәрін шашыммен бірге жана шаштаразда алып қалған, – депті немересі қиқарланып.

## *Mұңdas еркектер*

– Баяғының келіншектері ұяндау болушы еді.

– Айтпа деймін, ұялғанда танауы түгіл құлағы да қызыарып кететін. Қазіргі келіншектерді бояудан айыру қыын.

– Баяғының келіншектері инабатты болатын. Үлкен түгіл, кішінің де атын атамай сыйылып тұратын.

– Айтпа деймін, қазіргінің келіншектері қыбын таппасаң күркетауықтай қытиып, атасын ата демей, байын бай демей сыбап алады.

– Өз келіншегің қалай?

– Тәубә дерліктей. Ай жаңа туғанда «жаным» деп жүреді. Айлық жакындағанда «күнім» деп жүреді. Ал ана-мына әперсөң күлімдеп жүреді. Эйтеуір, өйтіп-бүйтіп тіл табысамыз.

– Апырмай, ә, біздің келіншекпен егіз туғандай екен. Біз де өйтіп-бүйтіп дегендей, өзі қай жақтан?

– Қыр жақтан.

– Біздің келіншек те сол жақтан. Сұрастыра-сұрас-тыра бажалау болып барамыз ба қалай өзі? Эйда, кеттік!

## *Атқа мініп жүрген жай бар*

Ертеректе ауыл жылқысын бағатын Айтан деген жігіттің бірде алдынан бір үйір жылқы жоғалып, соны көрші ауылдардан іздел шықса керек. Бір ауылға келгенде ат басын бұрған үйдің бойжеткен кызын көріп, ұнатып қалыпты. Көнілі кетіп, кызбен танысу үшін сусынды сылтауратып үйге кірген Айтаннын үй иесі қария:

– Шырағым, қай баласың, не қызметпен жүрсің? – деп жөн сұрапты. Сонда Айтан қулыққа басып:

– Атқа мініп, қызмет бабымен ел жағалап жүрген жайымыз бар, – депті. Кейін бұл сөз ауыл жігіттерінің мәтеліне айналып кетті.

## *Тоқты болар*

Етжақын туысына тойшылап келген біреу:

– Қолда қой болмай қалды, мынау той шашуы, – деп үш мың теңге ұсынса керек. Сонда анау:

– Қазір бізде қой алтаудан кем болмай тұр. Мынауың кішігірім тоқты болар, – деген екен.

## *Шәймен мен Иван*

Бірде Шәймен мен Иван балыққа барады. Тұнгі отырыстан бастары катты ауырып, балық та аулай алмайды. Ақыры кетпек болып жинала бергенде

қармактарына алтын балық қабады. Бұған қатты куанған екеуі алтын балықты базарға салып, бас жазбақ болады. Сол кезде алтын балық тілге келіп:

– Арақ сүйер қауым атаулының аузында жүретін ардақты балықшылар мені суға қоя беріңдер, тілегендерінді орындағын, – дейді. Өз құлағына өзі сенбеген Шәймен:

– Мына көлді араққа айналдырып бере аласың ба?  
– дейді.

– Өй, көлің не, ана өзенді арақ қылып ағызсын, – дейді Иван.

– Айтқандарыңды екі етпеймін, – дейді балық бұлқынып. Шәймен балықты жібермек болып оңтайлана бергенде:

– Өй, Шәймен, әлгі біздің Пушкиннің жыртық астаумен қалған кемпірін білесің бе?! Көлдария арағын қоя тұрып, әзірше бас жазатын бір-бір саптыаяқ сырасын тез жіберсінші, – дейді Иван.

### *Саңырауга бәрі бір*

Тойда отырған бір саңырау қозғала беріп абайсызда сызылтып жел шығарып қойса керек.

Сонда жанында отырған біреу:

– Ойбай, мұныңыз ыңғайсыздау болды ғой, – депті.  
– Несі бар, болса да өзім естіп жатқан жоқпын,-  
депті саңырау.

## *Мансап*

Бір жігіт әйелімен ажырасу үшін сотқа барыпты.  
Сонда сот төрағасы:

- Не үшін ажырасқалы отырсың? – деп сұрапты жігіттен.
- Мен үйленгенде әкесі үлкен бастық болатын.  
Соған қызығып қызын алып едім,-депті жігіт.
- Енді ше? – депті төраға.
- Қазір орнынан түсіп, үлкен төлем төлеп жатыр, –  
депті жігіт.

## *Қайдағы «коммунизм»*

Шаруашылықтарды араламақ болып іссапарға шыққан екі бастық жол-жөнекей біраз әңгіменің басын қайырса керек. Сөз арасында бірі:

- Осы біз қайда кетіп барамыз? «Коммунизмге» әлі жеткен жоқпыз ба? – деп сұрапты. Сонда анау:
- Қайдағы коммунизм, олай адасып, бұлай адасып капитализмге кетіп барамыз, – депті.

## *«Өзіңе де сол керек»*

Ауылда бір ақсақал жаңа бөрік сатып алса керек. Әлгі бөрік жел соқса олай ұшып, бұлай ұшып басына тұрмапты. Бірде су ала келген әлгі ақсақал құдықтың түбіне үңіле бергенде бөркі басынан түсіп кетіпті.

- Өзіңе де сол керек, басыма тұрмай шошандап кеткен түрің жаман еді, – депті шал.

## **Құмалақшының жорамалы**

Бір келіншек жолдан кешіккен күйеуіне алаңдап құмалақшыға барады. Құмалақшы құмалақты жайып жіберіп:

– Қос бүйірінен қысылып, бір тұйыққа тіреліп тұр ма қалай, үйге түсіп тұрған жол да жоқ, әйтеуір арты сүйінші, – деп сөйлей жөнеледі.

Ертеңіне сақал-мұрты өскен күйеуі үйіне келеді.

– Зәремді алдың ғой кешігіп, – дейді келіншегі құмалақшының айтқанын айтып.

– Апрай, құмалақшың керемет екен, э.

Кеше қалаға келісімен ішіп қойып... екі милицияның қос бүйірден қысып, айықтырғышқа апарып тыққаны рас. Содан үйге хабар бере алмай, тұйыққа тіреліп отырғаным да рас, – дейді күйеуі басын шайқап.

## **«Жынын басып жүрмін»**

Ауылда көпке сыйлы Садақан деген кісі болды. Сол кісінің жұрт айта жүретін әзілқойлығымен қатар аңқаулық істері де көп еді.

Зейнет демалысына шыққаннан кейін көп жылғы еңбегі бағаланып, Садақан жаңа «Жигули» сатып алғыпты. Бұрын бәлен жыл трактор жүргізіп, соның шабандau жүрісіне әбден көндігіп қалған оған мына жеңіл де жеңілtek машинаны жүргізу, әлбетте, оңайға түспепті. Рөлге отырып, газды басып қалса болғаны – «Жигули» ала қашып, зәресін ұшыратын болыпты.

Содан бір күні Садақан «Жигулиін» ауыл сыртындағы жыртылған қара парға салып, олай-бұлай шыңғыртып, айдақтатып жүрсе керек. Мұны байқап қалған біреулер:

– Ақсақал-ау, мұныңыз не, машинаңызды қиратаңыз фой, – депті. Сонда ол:

– Жынын басып жүрмін, ендігәрі алып қашпайтын болады, – депті.

### ***«Бірі маған - бірі саған»***

Бұл ауылда Садақаннан асқан балықшы жоқ еді. Шегір көз шортанды, майлы қара балықты аулаудың әдісін бұл кісі жақсы білетін. Бірде салақұлаш шортанды сүйретіп, үйіне әкеле жатса керек. Мұны байқап қалған бір балықшы құрдасы алдынан жүгіріп шығып:

– Эй, Сәке, мынаны қай қарасудан ұстадың? Дәуде болса, бұл жалғыз емес шығар,- деп сұрапты. Сонда Садақан құрдасына жымия қарап:

– Мұны өзің білетін қарасудан ұстадым. Екеу еді, бірі маған, бірін саған қалдырыдым, депті.

### ***Косып жазған мәлімет***

Кеңшардың директоры Сәкен Ермөшке деген жігітті диспетчерлік бөлімге есепші етіп алыпты. Алғашында жұмысқа пысықтық танытқан әлгі жігіт директордың қосып жазған мәліметтеріне өзі де аздал қосып, ауданға жіберіп тұрса керек. Содан кеңшар аудан бойынша алға бір-ақ шығыпты.

Кызды-кыздымен екеулеп қосып жазған мәлімет бірде шектен асып кетсе керек. Көрер көзге, естір құлаққа сенімсіз көрінген мәліметті аудан кейін қайтарыпты. Бұғанabyржыған директор Ермөшкені шақырып алып:

– Осы айда мәлімет неге қабыспай қалды? – деп сұрапты.

Сонда Ермөшке:

– Сіздің қосқаныңыз бар, аздап менің қосқаным бар емес пе, – депті.

## *Өнерлі жігіт*

Қалаға келген ауылдас екі жігіт бір келіншекпен танысыпты. Сонда бірі сөздің майын ағызып тұрып, әлгі келіншекті өзіне қаратып алыпты. Ертеңіне жолы болмаған екіншісі:

– Апымай, келіншектің алдында мың құбылған өнеріңе қайран қалдым, – десе керек. Сонда анау:

– Е, он бес жыл парторг болдым емес пе, – депті.

## *Қайтып келмеген қалпақ*

Ертеректе мұнданай көп бөлмелі үйді кім көрген. Бәленше жан бір бөлмелі үйде түнеп шығатын. Сонда біреу басына қалпағын жастанып жататын болыпты. Ондағысы - жұрт ұйықтады-ау деген кезде әлгі қалпағын бөлек жатқан әйеліне лақтырып, қасына шақырып алатын көрінеді.

Бірде лактырған қалпағы қайтып келмейті. Жауап күтіп жатып қатты ұйықтап кетсе керек. Таңерісіне тұрса қалпағы ұшып барып, шылапшынға түсіні. Түні бойы тұзге отырған балалары қалпакты дымдаған қойыпты.

## **«Майлансаң, майланба»**

Мінезі күйгелек бір жолдасым мектепті бітіре салып, трәктірші болып жұмысқа орналасады. Бірден жүргізуін, ана-мынасын жөндеуін білмей, әркімнен сұрастырып үйрене бастайды. Бірде бригадир әлгі жолдасыма:

– Трәктірің шиқылдал жүр ғой, майлап ал, – дейді. Маңында сұрай қоятын ешкім болмағандықтан, әлгі жолдасым майлағышты алып, жұмысқа өзі кіріседі. Кай жерін майларын білмей трәктірді бір айналып шығады да, шұртиіп шығып тұрған тұтіктерге майлағышты тоса береді. Майы далаға кетіп әбден дал болған жолдасым бір кезде ашу қысып, майлағышты ала сала:

– Майлансаң, майланба, менің нем кетті, – деп трәктірді сабай бастайды. Күйгелектігіне не берерсің!

Тағы бірде қонаққа бармақ болып жинала бастадық. Үйіне барсақ, әлі шылғауын таба алмай әлек болып жүр екен. Біздің асықтырғанымызға одан сайын күйгелектеніп:

– Табылмасаң, табылма, менің нем кетті, – деп әбдірадағы таза кездемені қақ бөліп шұлғанды да, соңымызға ерді.

## **«Тарас танысың болса, қоя бер»**

О кезде кей жігіт ұнатқан қызын алып қашып үйленіп жататын. Біздің ауылдың бір жігіті де сөйтпек болып, жолдастарын ертіп, сөз байласқан қыздың ауылына аттанады. Күн боран болса керек. Ауылға кештетіп келген жігіттер қызға хабар береді. Қыз да дайын отыр екен, киініп тысқа шығып ағаш жаққа беттейді. Мұны сезген біреу:

– Бәлешекейдің қызын алып қашты, алып қашты,- деп шу көтереді. Шуды естіген ауыл жігіттері лезде жиналып, тұра ұмтылады. Сол кезде қызға келген жігіттердің бірі насыбай атып тұрса керек. Сасқанынан шақшасын қарға түсіріп алып, іздей бастайды. Аналар мұны күтіп тұрсын ба, қолдарына қыз тиген соң тұра қашады. Келіп қалған қуғыншылар:

– Сен бұл жерде не іздел жүрсін?- дейді бұған.

– Шакшамды іздел жүрмін. Әкем көзімдей көр деп сыйға қалдырган еді, – дейді мынау.

– Ой, мынауың нағыз Тарас қой, – дейді риза болған қуғыншылардың бірі.

– Әй, Тарас танысың болса, қоя бер. Ана жігіттерді куайық, – депті өзге қуғыншылар.

## **«Дураку понятно»**

Ермөшкенің кеңшарда жағармай қуюшы болып істеп жүрген кезі екен. Бірде ауданға бармақ болып кеңшардың автобусына отырыпты. Жол-жөнекей автобус әуелі ықылық атып, сосын пысқырып-түшкіріп

тоқтай берсе керек. Бұған әбден ыза болып, берекесі кеткен шопыр жігіт Ермөшкеге қарап тура айтуға ыңғайсызданып:

– Дәуде болса бензин таза емес, су қосылса осылай болушы еді, – дей беріпті. Сонда Ермөшке аңқаулықпен ойна ештеңе алмай:

– Дураку понятно, что су қосылғаны, – депті.

## **«Мениң бүлінгенім жаман болар»**

Бірде сексеннен асқан әкем қалаға келіпті. Мен іссапармен ауданға кеткен едім. Үйде қалған келіншегім мен балдыз келінім қарсы алыпты. Кешкісін ас пісіріп, табақ жасап, алдына сыра қойыпты. Үш литрлік ыдысқа құйылған сыраны қарт адам жалғыз қалай тауыссын, ептеп бірлі-жарым стақан ішіп, болдым десе керек. Сонда екі келін:

– Ата, мына сыраны ішіп қойыңыз, текке бүлініш кетеді ғой, – десіпті. Сонда әкем:

– Е, шырақтарым-ай, сыраның бүлінгені ештеңе етпес, менің бүлінгенім жаман болар, – депті.

## **Қыста шалғы шабар ма**

Ақпанның аяғы болса керек. Еңбек ауылында тұратын бір ақсақал ақ көйлек, ак дамбалмен далаға шығып, ак қардың үстінде таяғын шалғы қылышп сілтеп тұрған көрінеді. Бірі қырықтан асқан, бірі қырықты алқымдап қалған екі ұлы мұны көріп:

– Ойбай, әкеміз ақылын алдыра бастаған ба, қалай өзі, – десіп тысқа шығады. Әкесі байқамаған болып, әлгі қымылын жалғастыра беріпті.

– Әке, ақ қардың үстінде неғып тұрсың, салқын тиеді ғой, – десіпті ұлдары болмағасын. Сонда әкесі:

– Щіркін-ай, мына қардың үстінде көкорай шалғын шөп болып, шалғыны олай бір, бұлай бір сілтер ме еді, – Депті. Щөп таусылып, қорада аш тұрган сиырдың мөніретгенін естігенде екі ұл әкенің мұқатуын бір-ак ұфып, ұялғандарынан жер шұқып тұрып қалса керек.

### **«Әке еңбегін ақтаган ұл»**

Әкесі баласына «сені оқытумен жүргендеге көйлек-дамбалсыз қалдым» деп ұрысатын болған. Сол баласы оку бітіріп, жұмысқа орналасып, алғашқы айлығын алғанда әкесіне отыз пар көйлек-дамбал сатып алса керек. Сонда әкесі:

– Балам-ау, балалығың әлі басылмаған ба, мұның бәрін қайтемін, – депті. Сонда баласы:

– Маган ұрысқанда көйлек-дамбалсыз қалдым деуші едің ылғи. Сол есіме түсіп, алғаным ғой, – депті.

### **«Бұзауың соқыр екен»**

Бір жүргізу什і ызытып келе жатып, көшеде өтіп бара жатқан бұзауды андамай қағып кетсе керек. Мұны көріп қалған иесі жүргізушиден бұзауын даулап, төлеу сұраптұ. Сонда жүргізуши өліп жатқан бұзауды олай қарап, бұлай қарап, жұмулы көзін көріп:

– Байқайсың ба, бұзауың соқыр екен. Көзі көрсө анғарадай машинаға соғылып не жыны бар,- депті.

## ***Бұл да бір нарықтың белгісі***

Қалада әжептәуір қызмет істейтін бір азамат ауылына барып, тері-терсек, жүн-жүрқа жинап, сауда жасап жүрсе керек. Бұған таңданған біреу:

– Апымай, ә, кеше бетке ұстар қызметі бүгін жүн-жүрқаға айналып кеткен бе? – депті. Сонда Алматыға барып келген бір жолдасы:

– Бұған танырқайтын несі бар. Қала түгіл Алматы-дағы ғылым кандидаттары түске дейін сабак беріп, түстен кейін базарда сатушы болып жүр ғой, – депті.

## ***«Аш иттің құйрығын сұқ ит жалайды»***

Баяғыда бір байдың қора толы қойынан тоқтысы өліп қалса керек. Соның орнын толтырмақ болып бай түнде кедейдің жалғыз тоқтысын ұрлап, қойына қосып жіберіпті. Мұны сезген кедей биден төрелік сұрапты. Бірақ би кедейдің сөзіне сенбей, байды актай берсе керек. Сонда амалы құрыған кедей ашынып:

– Аш иттің құйрығын сұқ ит жалайды, – депті сөзбен мұқатып. Бәлкім бұл макал осындаидан қалған болар.

## *Шешесінен аумапты*

Бірде қайын атасы күйеу баласынан:

– Қалың қалай, қызымның жайы қалай, – деп сұрапты. Сонда күйеу баласы:

Қыбырлаған қабағына қарап,

Сылдырлаған табағына қарап,

Адырайған көзіне қарап,

Шодырайған сөзіне қарап,

Бәлен деуге шама жоқ,

Жаутандаған бала боп,

Отырған жайымыз бар, – депті.

Сонда қайын атасы:

– Апымай, шешесіне аумай тартқан екен, – десе керек.



## **МАЗМУНЫ**

<b>Алғысөз.....</b>	<i>5-8 бет</i>
<b>Бірінші бөлім</b>	
<b>Сықақтар.....</b>	<i>9-62 бет</i>
<b>Екінші бөлім</b>	
<b>Мысалдар.....</b>	<i>63-71 бет</i>
<b>Үшінші бөлім</b>	
<b>Бірқақпайлар.....</b>	<i>73-80 бет</i>
<b>Төртінші бөлім</b>	
<b>Шымшиымалар.....</b>	<i>81-94 бет</i>
<b>Бесінші бөлім</b>	
<b>Мағынасы майысқан мақалдар.....</b>	<i>95-107 бет</i>
<b>Алтыншы бөлім</b>	
<b>Ауыл әзілдері.....</b>	<i>109-142 бет</i>

Ж. ШАХАНОВ.  
Солақайлар соқпағы.

Редакторы: Нұрсайын Шәріп  
Басылымға дайындаған: Күлпаш Қалғужина,  
Ақнұр Бейсенбаева  
Корректоры: Дәмет Бектасова  
Дизайнері: Сәуле Ахмадиева

2008 жылы баспаға тапсырылған.  
Офсеттік басылым. Қөлемі 8,4 баспа табак.  
60x84/16. Әріп түрі TimesNewRoman.  
Таралымы 300. Тапсырыс № 3017  
“Полиграфия” АҚ басылды.  
Петропавл қаласы,  
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11